

Қажылық пен Умра рәсімдері

Бірінші бөлім

(Шейх Аббадтың кітабынан алынған)

- Алғы сөз
- Қажылық пен умра жасаушы адамға қажетті болған әдептер мен мінез-құлықтар
 - Қажылық пен умраның артықшылықтары мен құндылықтары
 - Қажылық пен умраның үкімі
 - Қажылық пен умраның шарттары
 - Қажылық пен умраның рүкіндері (тіректері)
 - Қажылық пен умраның сүннеттері
 - Қажылық пен умраның махрузаттары (тыйымдары)
 - Қажылық пен умраның жалпы көрінісі мен сипаты

Дайындаған: Ержан Абзалбек

بسم الله الرحمن الرحيم

الحمد لله رب العالمين والصلاة والسلام على رسوله الأمين وعلى آله وصحبه أجمعين

Аса Рақымды, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен

Барша мақтаулар әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Біз Оны мақтаймыз, Одан жәрдем тілейміз, Одан кешірім сұрап, Оған тәубе етеміз. Әрі біз Одан нәпсіміздің жамандықтарынан және жаман амалдарымыздан пана тілейміз. Шын мәнінде, Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал енді кімді адастырған болса, онда оны ешкім тура жолға сала алмайды. Сондай-ақ, Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір (құдай) жоқтығына, әрі пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін. Аллаһтың мақтауы мен сәлемі Өзінің елшісіне, елшісінің сахабалары мен әулетіне және қияметке дейін оның сүннетіне ергендерге болғай.

Содан кейін:

Осы ғасырда көзі тірі ғалымдарымыздың ішінде жасы мен білімі жағынан ең үлкендерінің бірі, мухаддис-ғұлама, шейхымыз – шейх Абдуль-Мухсин әл-Аббад (хафизаһуллаһ) айтады:

Алғы сөз

Баршаларыңызға белгілі болғандай; мұсылмандарға берілген ең үлкен нығмет – Аллаһ Тағала жындар мен адамдарға оларды қараңғылықтар мен надандықтардан жарықтар мен нұрларға шығару үшін, ақырзаманға жақын Өзінің сүйікті пайғамбары Мұхаммедті (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) елші етіп жіберуі. Осылайша, ол

өз үмбетін бүкіл жақсылықтарға бұйырып, барлық жамандықтардан қайтарып, дінді өте анық түрде түсіндіріп баяндаған. Сөзсіз, Аллаһ Тағала Өзінің бірқұдайшыл дінін (Исламды) бес тіректің үстіне құрған. Олар: «Лә иләһә иллә Аллаһ, Мұхаммад РасулуЛлаһ» куәлігі (кәлима-шаһада), бес уақыт намаз, зекет, Рамазан оразасы және Меккедегі «әл-Харам» мешітінде қажылық жасау. Бұған дәлел: Жебрейілдің (Аллаһтың оған сәлемі болсын) хадисі: Ол хадисте Жебрейіл (Аллаһтың оған сәлемі болсын) пайғамбарымыз Мұхаммедттен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Маған Ислам жайлы айтып берші?»**,- деп сұраған кезде, ол оған:

الإِسْلَامُ أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ، وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ، وَتَصُومَ رَمَضَانَ، وَتَحُجَّ الْبَيْتَ إِنْ اسْتَطَعْتَ إِلَيْهِ سَبِيلًا

«Ислам дегеніміз – әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан РасулуЛлаһ (Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед оның Елшісі)»,- деп куәлік етуің, намаз оқып, зекет беруің, ораза ұстауың және шамаң келсе, Аллаһтың үйіне (Қағбаға) қажылық жасауың»,- деп жауап берген.

Хадисті имам әл-Бухари (50) Абу Һурайрадан риуаят етсе, имам Муслим (8) Омардан (Аллаһ ол екеуінен разы болсын) риуаят еткен.

Тағы да дәлел жүзінде Аллаһ Елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ: شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَإِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ، وَالْحَجِّ، وَصَوْمِ رَمَضَانَ

«Ислам – әшһәду әллә Иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан РасулуЛлаһ (Аллаһтан өзге құлшылық

етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед оның Елшісі) деп куәлік етудің, намаз оқып, зекет берудің, қажылық жасаудың және Рамазан оразасын ұстаудың мен үстінде құралған»,- деген сөзін келтіруге болады.

Хадисті имам әл-Бухари (8), және имам Мұслим (16) Абдуллаһ Ибн Омардан жеткізген.

Осы парыздардың ішінде ең ұлысы ол – екі куәлік (кәлима-шаһада). Ол дегеніміз: Аллаһ қана құлшылық етілуге лайықты Тәңір (Құдай) екеіне және Мұхаммедтің елші екендігіне куәлік беру. Бұл екі куәліктің талабы – ғибадатты тек Аллаһқа ғана арнау және сол ғибадат Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) алып келген шариятқа (сүннетке) сай келу. Кез-келген амал тек Аллаһқа ғана ықыласты түрде арналып, Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сүннетіне сай болғанда ғана, өзінің иесіне (сол амалды жасаушы адамға) пайда береді.

Екі куәліктен (кәлима-шаһададан) кейін парыздардың әрі Ислам тіректерінің ең ұлысы – намаз. Намаз – діннің тірегі (негізі), адамды арсыздықтар мен жамандықтардан тосушы, осы өмірде ең соңғы жоғалатын және пенде қияметте ең бірінші сұралатын ғибадат. Әрі ол – тәулігіне бірнеше рет қайталанып келетіндігі үшін, пенде мен Оның Раббысының арасындағы ең мықты байланыс болып табылады.

Сосын намазден кейінгі кезекте зекет тұрады. Аллаһ Тағала Құран-Кәрімде намаз бен зекетті көптеген аяттарда бірге зікір еткен. Оның пайдасы өзгелерге өтуші. Себебі, ұлы сауаптарға бөлену арқылы сол зекетті берген адамға зекеттің пайдасы тигені секілді, түскен малды игілігіне жұмсау

арқылы кедей кісі де пайдаға қол жеткізе алады. Зекет – жыл сайын Аллаһ Тағала байларға парыз қылған мал-мүліктің өте аз мөлшері. Оның берілуі байдың дүнисіне зиян бермейді. Ал, оның кедейге деген пайдасы өте ұлы.

Зекеттен кейін ораза келеді. Ораза деген – бір жылда бір ай бойы ауыз бекіту. Ол – Рамазан айы.

Содан кейінгі кезекте адам баласына ғұмыр бойында бір рет қана парыз болатын – қажылық ғибадаты тұрады.

Қажылық жасаушы адамға қажылық пен умра кезінде қажет болатын әдептер мен мінез-құлықтар

Біріншісі: Қажылық жасаушы адам Аллаһтан болған ұлы сауаптар мен сый-сыяпаттарға жету үшін, қажылық пен умра жасау кезінде оған ең қажет болатын істердің басында – сол жасайын деп жатқан амалын Аллаһ үшін ықыласты түрде арнап, рия мен сумғадан¹ сақтану керек. Сахих Мұслимде (7475) Абу Һурайрадан жеткен хадисте Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқан:

قَالَ اللَّهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى: أَنَا أَغْنَى الشُّرَكَاءِ عَنِ الشِّرْكِ، مَنْ عَمِلَ عَمَلًا أَشْرَكَ فِيهِ
مَعِيَ غَيْرِي تَرَكْنَاهُ وَشِرْكُهُ

Аллаһ Тағала айтты: «Мен – Маған серік қосылуға мұқтаж емеспін. Кім бір амалды жасап, сол амалында Маған серік қосатын болса (Маған өзге біреуді теңестіріп, сол нәрсеге құлшылық ететін болса), онда Мен оның амалын да, серік қосуын да тастаймын (қабыл етпеймін)».

¹ Көзбояушылық пен сөзбояушылықтан, яғни, амалды адамдар көру үшін немесе олардан мақтау сөздер ету үшін жасаудан сақтану қажет

Сондықтан, Сунан Ибн Мәжәда (2890) Анастан (Аллаһ одан разы болсын) жеткен әлсіз хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

اللَّهُمَّ حَاجَّةٌ لَا رِيَاءَ فِيهَا وَلَا سُمْعَةً

«Аллаһым! Бұл қажылықты – рия да, сұмға да араласпайтын қажылық ете гөр», - деген.

Бұл хадисті имам Альбани (рахимаһуллаһ) «әс-Силсилә әс-Сахихада (2617)» сахих (рас, дұрыс) хадистердің қатарында шығарып, хадистің халін күшейтетін басқа да риуаяттарды келтірген. Осымен, хадистің халі әлсіз хадистен хасан (жарамды) хадистің деңгейіне көретіледі.

Екіншісі: Қажылық жасаушы адам жасайын деп жатқан ғибадаты дұрыс әрі білім үстінде болу үшін қажылық пен умраның үкімдерін оқып-үйренуге бар күшін салу қажет. Ол үшін қажылық рәсімдері жазылған кітаптар мен ғылыми-жұмыстарға оралу керек. Бұл бапта жазылған кітаптардың ішінде ең пайдалысы (әрі қысқа да нұсқа жазылғаны) – имам Ибн Баздың (рахимаһуллаһ) кітапшасы болып табылады.

Сонымен қатар, қажылық жасаушы адам бір қатеге ұрынып қалмау үшін, ілім иелерінен білмеген (немесе күмәнданған) меселелерін сұрауы тиіс.

Үшіншісі: Қажылық жасауға шығатын сапарында олардан білім мен әдеп үйрене алатындай жақсы достарды жолсерік етіп алуға ұмтылу қажет. Сахих әл-Бухари (5534) және Сахих Муслимде (6692) Абу Муса әл-Ашғариден (Аллаһ одан разы болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқан:

مَثَلُ جَالِسِ الصَّالِحِ وَالسَّوِّءِ، كَحَامِلِ الْمِسْكِ وَنَافِخِ الْكِيرِ، فَحَامِلُ الْمِسْكِ؛
إِمَّا أَنْ يُحْدِثَكَ، وَإِمَّا أَنْ تَتَّبَعَ مِنْهُ، وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ مِنْهُ رِيحًا طَيِّبَةً، وَنَافِخُ الْكِيرِ؛ إِمَّا
أَنْ يُحْرِقَ ثِيَابَكَ، وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ رِيحًا خَبِيثَةً

«Жақсы дос пен жаман достың мысалы – миск (әтір) сатушы мен көрік басушының² мысалындай. Әтір сатушы саған әтір сыйлайды немесе одан әтір сатып аласың немесе жоқ дегенде жақсы иісте боласың. Ал, көрік басушының қасында не киіміңді күйдіресің, немесе жоқ дегенде сасық иісте боласың».

Төртіншісі: Сол сапарында өзгелердің қолына қарап қалмас үшін, өзімен бірге қажылыққа барып-қайтуға жетерліктей қаржы болу керек. Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

وَمَنْ يَسْتَغْفِرْ يُعْفِهِ اللَّهُ، وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ

«Кім өзінің абыройын сақтауға тырысса, Аллаһ оның абыройын сақтап қояды. Әрі кім өзгелерге мұқтаж болып қалмауға ұмтылса, Аллаһ оны байытып қояды».

Хадисті имам әл-Бухари (1469) және имам Мұслим (2424) Абу Сағид әл-Худридің (Аллаһ одан разы болсын) хадисінен риуаят еткен.

Бесіншісі: Көркем мінез-құлықтармен әшекейленуі және өзгелермен көркем қарым-қатынаста болуы қажет. Бұл тұрасында Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ، وَاتَّبِعِ السَّبِيلَةَ الْحَسَنَةَ تَمَحُّهَا، وَخَالِقِ النَّاسَ بِخُلُقٍ حَسَنٍ

² Көрік басушы деп – темір және басқа да металдарды отқа балқытатын адамды айтады.

«Қайда болсаң да, Аллаһтан тақуалық қыл (қорқ), егер жамандықтар (күнәлар) жасап қойсаң, артынша оларды өшіретін жақсылықтарды (ізгі амалдар) жаса. Әрі адамдармен көркем мінез-құлық таныту арқылы жақсы қарым-қатынас жаса».

Хадисті имам Тирмизи (1987) Абу Заррдың (Аллаһ одан разы болсын) хадисінен шығарған. Хадистің дәрежесі – хасан.

Және Сахих Муслимде (4776) Абдуллаһ Ибн 'Амр Ибн 'Ас жеткізген хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтты:

فَمَنْ أَحَبَّ أَنْ يُرْخَزَ عَنِ النَّارِ، وَيُدْخَلَ الْجَنَّةَ فَلْتَأْتِهِ مَنِيَّتُهُ، وَهُوَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ
وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، وَلَيَأْتِ إِلَى النَّاسِ الَّذِي يُحِبُّ أَنْ يُوتَى إِلَيْهِ

«Тозақтан құтылып, жәннатқа кіруді аңсаған адам оған өлім жеткен кезде Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсін, әрі адамдармен өзіне жасалуды жақсы көретіндей мәміледе болсын».

Мағынасы: Адамдар оған қандай қарым-қатынас жасауды жақсы көрсе, онда өзі де адамдарға сондай көріністе қарым-қатынас жасасын.

Алтыншысы: Әрдайым Аллаһтан кешірім тілеуде, Оны зікір етіп, Одан дұға тілеуде және жақсы сөздерді ғана сөйлеумен тілін сақтауда болу керек. Сондай-ақ, (алтын) уақыттарын дүние мен ақыретте өзі үшін пайдасы тиетін істермен өткізуде болсын. Бұл жайында Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُفْلِحْ خَيْرًا أَوْ لِيَصْنَمْ

«Кімде кім, Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсе, онда жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»,- деп айтып кеткен.

Хадисті имам әл-Бухари (6475) және имам Муслим (74) Абу Һурайраның (Аллаһ одан разы болсын) хадисінен жеткізген.

Тағы бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

نِعْمَتَانِ مَغْبُونٌ فِيهِمَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ ؛ الصَّحَّةُ وَالْفَرَاغُ

«Адамдардың көбісі екі нәрседе қасіретте (қадірін білмеуде); денсаулық пен бос уақыт»,- деген.

Хадисті имам әл-Бухари (6412) Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінен риуаят еткен.

Жетіншісі: Басқаларға сөзбен немесе іспен зиян бермеу. Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

الْمُسْلِمُ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ

«Мұсылман ол – мұсылмандар оның тілі мен қолынан сәлеметтікте (амандықта) болған адам».

Хадисті имам әл-Бухари (10) және имам Муслим (64) Абдуллаһ Ибн 'Амр Ибн 'Астың хадисінен шығарған.

Оған қоса, қажылықтағы адам егер темекі шегумен сыналған адам болса, онда басқаларға темекенің лас ірі сасық иісі арлығы зиян беріп қоюдан сақтансын. Тек бұл ғана емес. Бәлки, ол адамға шылым тартуды тастап, сол бір (төмен әрі жаман) ісінен Аллаһқа шынайы тәубе етуі уәжіп.

Өйткені, ол істе – денсаулыққа зиян беру және малды ысырап етіп, ауаға шашу жамандығы бар.

Мұсылман адамға осы сынды әдептер мен мінез-құлықтарды тек қажылықта ғана емес, бәлкім барлық жағдайда орындауы керек. Десек те, бұл әдептер мен мінез-құлықтарды қажылық пен умрадағы сапары кезінде орындауы ерекше түрде талап етіледі.

Қажылық пен умраның артықшылықтары менен құндылықтары

Қажылық пен Умраның артықшылықтары менен құндылықтары турасында Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірнеше хадистер сахих деңгейде жеткен. Олардың ішінде:

Бірінші хадис: Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

الْعُمْرَةُ إِلَى الْعُمْرَةِ كَفَّارَةٌ لِمَا بَيْنَهُمَا، وَالْحَجُّ الْمَبْرُورُ لَيْسَ لَهُ جَزَاءٌ إِلَّا الْجَنَّةُ

«Умра ғибадаты – бір умрадан екінші умра аралығында жасалған күнәларға кешірім болады. Ал, қабыл етілген қажылықтың сыйы – тек жәннат қана болмақ»,- деген сөзі.

Хадисті имам әл-Бухари (1773) және имаи Муслим (3289) Абу Һурайраның (Аллаһ одан разы болсын) хадисінен жеткізген.

Екінші хадис: Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

تَابِعُوا بَيْنَ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ ؛ فَإِنَّهُمَا يَنْفِيَانِ الْفَقْرَ، وَالذُّنُوبَ، كَمَا يَنْفِي الْكَبِيرُ خَبَثَ الْحَدِيدِ، وَالذَّهَبِ، وَالْفِضَّةِ، وَلَيْسَ لِلْحَجَّةِ الْمَبْرُورَةِ ثَوَابٌ إِلَّا الْجَنَّةُ

«Қажылық пен Умраны жалғасымды түрде жасап тұрыңдар. Өйткені, ол екеуі кедейлік пен күнәларды – ұстаның көрігі темір мен алтынның және күмістің қоқыс-қалдықтарын кетіргендей деңгейде кетіретін болады. Сондай-ақ, қабыл болған қажылықтың сауабы – тек жәннат қана»,- деген сөзі.

Хадисті имам Тирмизи (810), имам Ибн Хузейма (2512) Абдуллаһ Ибн Масғудтың хадисінен және имам Нәсәи (2631) Ибн Асббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінен шығарған. Хадисті имам Тирмизи мен имам Альбани «хасан-сахих» деген.

Үшінші хадис: Барша мүміндердің анасы – Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын):

يَا رَسُولَ اللَّهِ، نَرَى الْجِهَادَ أَفْضَلَ الْعَمَلِ، أَفَلَا نُجَاهِدُ؟ قَالَ: لَا، لَكِنَّ أَفْضَلَ
الْجِهَادِ حَجٌّ مَبْرُورٌ

«Уа, Аллаһтың елшісі! Біз (әйелдер) – Аллаһ жолында күресуді (соғысуды) ең абзал деп білеміз. Ендеше, Аллаһ жолында неге соғыспасқа?»,- деп сұрайды. Сонда ол: **«Сендерге Аллаһ жолында күресудің ең абзалы берілген. Ол – Аллаһтың алдында қабыл етілген қажылық»,**- деп жауап береді.

Хадисті имам әл-Бухари (1520) шығарған.

Сондай-ақ, бұл хадисті имам Ибн Мәжәһ (2901) және имам Ибн Хузейма (3074) Айша анамыздан (Аллаһ одан разы болсын) келесідей ләпізбен жеткізген. Ол хадисте Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын):

يَا رَسُولَ اللَّهِ، عَلَى النِّسَاءِ جِهَادٌ؟ قَالَ: نَعَمْ عَلَيْهِنَّ جِهَادٌ لَا قِتَالَ فِيهِ؛ الْحَجُّ
وَالْعُمْرَةُ

«О, Аллаһтың елшісі! Әйелдер үшін Аллаһ жолында парыз болған күрес (соғыс) барма?», - дейді. Ол оған: «Әйелдерге ешбір соғыссыз әрі қантөгіссіз парыз болған күрес бар. Ол – қажылық пен умра», - деп жауап қатқан.

Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Төртінші хадис: Абу Һурайра (Аллаһ одан разы болсын) айтады:

أَيُّ الْعَمَلِ أَفْضَلُ ؟ فَقَالَ : إِيْمَانُ بِاللّٰهِ وَرِسُوْلِهِ قِيْلَ : ثُمَّ مَاذَا ؟ قَالَ : الْجِهَادُ فِي سَبِيْلِ اللّٰهِ قِيْلَ : ثُمَّ مَاذَا ؟ قَالَ : حَجٌّ مَّبْرُوْرٌ

Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сұралған: **«Амалдардың ең абзалы қандай?»**, - деп. Сонда ол: **«Аллаһ иман келтіру»**, - деді. Және: **«Сосын қандай?»**, - деп сұралды. Ол: **«Аллаһ жолындағы күрес»**, - деді. Және: **«Сосын қандай?»**, - деп сұралды. Ол: **«қабыл болған қажылық»**, - деп жауап берді.

Хадисті имам әл-Бухари (26) және имам Мұслим (2248) шығарған.

Бесінші хадис: Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Абдуллаһ 'Амр Ибн 'Асқа:

أَمَّا عَلِمْتَ أَنَّ الْإِسْلَامَ يَهْدُمُ مَا كَانَ قَبْلَهُ، وَأَنَّ الْهَجْرَةَ تَهْدُمُ مَا كَانَ قَبْلَهَا، وَأَنَّ الْحَجَّ يَهْدُمُ مَا كَانَ قَبْلَهُ ؟

«Әй, 'Амр! Сен Исламға кіру – алдыңғы күнәлардың бәрін тас-талқан ететін (өшіріп жіберетінін) білмеуші ме едің? Сен Һижра қылу – алдыңғы күнәлардың бәрін тас-талқан ететін (өшіріп жіберетінін) білмеуші ме едің? Сен (қабыл болған) қажылық – алдыңғы күнәлардың бәрін тас-талқан ететін (өшіріп жіберетінін) білмеуші ме едің?», - деген сөзі.

Хадисті имам Мұслим (121) шығарған.

Қабыл болған қажылық ол – мұсылман адам сол қажылықты Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сүннетіне сай жасауы. Жәбірдің (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде келгендей; Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

يَا أَيُّهَا النَّاسُ، خُذُوا مَنَاسِكَكُمْ، فَإِنِّي لَا أَدْرِي لَعَلِّي لَا أَحُجُّ بَعْدَ عَامِي هَذَا

«Уа, адамдар! Менен «Қажылық пен Умра» ғибадатының рәсімдерін үйреніп алып қалыңдар. Өйткені, мен осы жылдан кейін қажылық жасар-жасамасымды білмеймін»,- деген.

Хадисті имам Мұслим (1297) және имам Нәсәи (3062) риуаят еткен.

Сонымен бірге, қажылық кезінде адам арсыз сөздер мен пасық істерден алыс болып, ихрамға кірген адамға арам етілген істерді істеуден сақтану қажет. **Қабыл болған қажылықтың белгісі:** қажылық жасаған пенде жаман халден жақсы халге әрі жақсы халден одан да жақсы халге ауысуы болып табылады. Сондай-ақ, егер қажылықтың алдында күнә жасаумен сыналған болса, онда қажылық кезінде сол күнәларынан шынайы тәубе етуі, жасаған күнәларына өкінуі және сол күнәларға қайта оралмауға анық шешім қабылдауы тиіс. Ал егер жасаған күнәлары адамдардың ақыларымен байланысты болса, әрі олар сол зұлымдықтарды оның мойнынан кешіріп жібермеген болса, онда ақшалай қайтару керек болған ақыларды (қарыздарды) иелеріне қайтару міндет. Және егер біреулерге қолмен немесе тілмен зиян берген болса, онда солардан кешірім сұрауы тиіс. Сондай-ақ, оларға жарасымды түрде мақтаулар айтып, олар үшін

Аллаһтан дұға тілеп қойса жақсы. Осылайша, ол адам сол жасаған қажылығы себепті жақсылық есіктерін ашып, тақуалық пен туралыққа толған жаңа өмір парағын аша түседі. Ал, егер қажылықтың алдында жаман халде болып, қажылықтан кейін де сол халде жалғасты болатын болса, онда бұл жағдай – ол адамның қабыл болған қажылыққа қол жеткізе алмағандығына дәлел болғай.

Оған қоса, намаз және қажылық сияқты салихалы адамдар кешіретін күнәлар – үлкен күнәлар емес, тек кіші күнәлар ғана болып саналады. Аллаһ Тағала айтқандай:

إِنْ تَجْتَنِبُوا كَبَائِرَ مَا تُنْهَوْنَ عَنْهُ نُكَفِّرْ عَنْكُمْ سَيِّئَاتِكُمْ

{Егер сендер өздеріңе тыйым салынған күнәлардың үлкендерінен қашық болсаңдар, онда Біз сендердің жамандықтарыңды (кіші күнәларыңды) кешіреміз}.

«Ниса» сүресі, 31-ші аят.

Және пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

الصَّلَاةُ الْخَمْسُ، وَالْجُمُعَةُ إِلَى الْجُمُعَةِ، وَرَمَضَانُ إِلَى رَمَضَانَ مُكَفِّرَاتٌ مَا بَيْنَهُنَّ إِذَا اجْتَنَبَ الْكَبَائِرَ

«Бес уақыт намаз өз арасындағы, екінші жұма алдыңғы жұма аралығындағы және келесі Рамазан алдыңғы Рамазан арасындағы күнәларды өшіріп отырады, тек үлкен күнәлардан алыстаса (сақтанса) болғаны».

Хадисті имам Муслим (522) Абу Һурайраның хадисінен жеткізген.

Ал, үлкен күнәлар болса, олар тек пенде олардан тәубе етуменен ғана кешіріледі.

Осыдан келе, қажылық жасаған адамның үлкен де кіші күнәлардан тәубе етуі – оның қажылықтан анасы оны дүниеге алып келгендей (күнәдан пәк, бейкүнә сәбидей) кейіпке енетінін меңзейді. Ал, егер күнәлардан тәубе етпесе немесе тіпті сол күнәларды қайта жасаймын деп ниет білдірсе, онда ол адам сол үшін жазғырылады. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ أَمْثَالِهَا وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَلَا يُجْزَى إِلَّا مِثْلُهَا وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ

{Кім жақсы амалмен келсе, оған сондайдың оны (еселеніп) беріледі. Ал, кім бір жаман амалмен келсе, оған қайтарым жаза ретінде сондай ғана (жамандықтың) жазасы беріледі. Әрі оларға ешбір зұлымдық (әділетсіздік) жасалынбайды} деген.

«Әнғам» сүресі, 160-шы аят.

Осы аяттың тәпсірінде **имам Ибн Кәсир** (рахимаһуллаһ) былай деген:

وَاعْلَمْ أَنَّ تَارِكَ السَّيِّئَةِ الَّذِي لَا يَعْمَلُهَا عَلَى ثَلَاثَةِ أَقْسَامٍ: تَارَةً يَتْرُكُهَا لِلَّهِ عَزَّ وَجَلَّ فَهَذَا تَكْتُبُ لَهُ حَسَنَةً عَلَى كَفِّهِ عَنْهَا لِلَّهِ تَعَالَى، وَهَذَا عَمَلٌ وَنِيَّةٌ؛ وَلِهَذَا جَاءَ أَنَّهُ يُكْتَبُ لَهُ حَسَنَةٌ، كَمَا جَاءَ فِي بَعْضِ أَلْفَاظِ الصَّحِيحِ: فَإِنَّمَا تَرَكَهَا مِنْ جَرَّائِي أَيِّ مَنْ أَجَلِي. وَتَارَةً يَتْرُكُهَا نِسْيَانًا وَذُهُولًا عَنْهَا، فَهَذَا لَا لَهُ وَلَا عَلَيْهِ؛ لِأَنَّهُ لَمْ يَنْوَ خَيْرًا وَلَا فَعَلَ شَرًّا. وَتَارَةً يَتْرُكُهَا عَجْزًا وَكَسَلًا بَعْدَ السَّعْيِ فِي أَسْبَابِهَا وَالتَّلَبُّسِ بِمَا يُقَرِّبُ مِنْهَا، فَهَذَا يَتَنَزَّلُ مَنْزِلَةً فَاعِلُهَا، كَمَا جَاءَ فِي الْحَدِيثِ، فِي الصَّحِيحَيْنِ: إِذَا تَوَاجَعَ الْمُسْلِمَانِ بِسَيْفَيْهِمَا فَالْقَاتِلُ وَالْمَقْتُولُ فِي النَّارِ قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، هَذَا الْقَاتِلُ، فَمَا بَالُ الْمَقْتُولِ؟ قَالَ: إِنَّهُ كَانَ حَرِيصًا عَلَى قَتْلِ صَاحِبِهِ

«Біл! Расында, күнәні және жаман істі тастайтын адам үш топқа бөлінеді:

Біріншісі: Аллаһ үшін жасамай қояды. Міне, осы адамға оның күнәдан немесе жаман істен Аллаһ үшін

тыйылғандығы себепті (күнәнің орнына) жақсылық жазылады. Өйткені, ол пенде – жамандықты тастауға ниет ете тұра, нәпсісін жеңе біліп, жақсылыққа қадам басқан. Сондықтан да, ол адамға жақсылық (сауап) жазылады. Сахих әл-Бухаридің кейбір ләпіздерінде келгендей, Аллаһ Тағала ол адам жайында: **«Ол күнәні және жамандықты мен үшін тастады»**, - деп келген.

Екіншісі: Жамандықты Аллаһ үшін тастаймын деген ниетті ұмытып, естен шығару себепті оны жасамаған адам. Оған күнә да, сауап та жоқ. Өйткені, ол адам жақсылық жасауды ниет етпеген, әрі жамандықты да жасамаған.

Үшіншісі: Күнәні және жамандықты істеудің барлық себебін жасап, соңында оны еріншектік немесе күшсіздік себепті жасамай қалған адам. Бұл адам – сол күнәні жасаған адамның үкімінде болады. Өйткені, Сахих әл-Бухари (31) мен Сахих Муслимде (7235) келген хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Егер екі мұсылман бір-біріне қарап қылыш көтерсе, өлтірген де, өлген де тозаққа кіреді»**, - дейді. Сонда сахабалар: **«Уа, Аллаһ елшісі! Өлтірген адамның тозаққа кіретіні түсінікті, алайда, өлтірілген адам не үшін кіреді»**, - деп сұрайды. Ол: **«Өйткені, ол да бауырын өлтіруге қатты тырысқан еді»**, - дейді

Қажылық пен умраның парыз екендігі турасында

Қажылық пен Умра – адам баласына жасауға мүмкіндік туа салысымен, ғұмыр бойында бір рет қана парыз етіледі. Бір реттен асқан қажылық пен умра нәпіл болып есептеледі.

Сондай-ақ, негізінде нәпіл болған қажылық нәзір ету арқылы уәжіп айнала түседі. Сондықтан, егер қажылықты немесе умраны жасаймын деп Аллаһқа нәзір (тілмен уәде) етсе, онда оған сол нәзірін жүзеге асыру уәжіпке айналады. Сонымен қатар, егер нәпіл болған қажылыққа немеме умраға жасау ниетімен кіріп қойған болса, оны соңына дейін аяқтау уәжіп болып міндеттеледі³. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَأَتِمُّوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ

{Қажылық пен Умраны Аллаһ үшін соңына дейін жеткізіңдер} деген.

«Бақара» сүресі, 196-шы аят.

Қажылық – Құран мен Сүннет және барша мұсылмандардың иджмағы (бірауыздан келісімі) бойынша парыз болып саналады. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда айтқандай:

وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا

{Адамдардың ішінде (Қағбаға) жол жүруге шамасы жеткендерге Үйді (Қағабаны) қажылық жасаулары – Аллаһтың алдындағы ұлы міндеттері болып табылады} деген.

«Әли 'Имран» сүресі, 97-ші аят.

Және Аллаһ Елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай:

،بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ: شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَإِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ، وَالْحَجِّ، وَصَوْمِ رَمَضَانَ

³ Яғни, нәпіл болған қажылық пен умра негізінде нәпіл болса да, оған кірісіп қойғаннан кейін уәжіпке айналады

«Ислам – әшһәду әллә Иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан РасулуЛлаһ (Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед оның Елшісі) деп куәлік етудің, намаз оқып, зекет берудің, қажылық жасаудың және Рамазан оразасын ұстаудың мен үстінде құралған»,- деген сөзін келтіруге болады.

Хадисті имам әл-Бухари (8) және имам Мұслим (16) Абдуллаһ Ибн Омардан жеткізген.

Және Жебрейілдің (Аллаһтың оған сәлемі болсын) әйгілі хадисінде Жебрейіл періште (Аллаһтың оған сәлемі болсын) пайғамбарымыз Мұхаммедттен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Маған Ислам жайлы айтып берші?»**,- деп сұраған кезде, ол оған:

الإِسْلَامُ أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ،
وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ، وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ، وَتَصُومَ رَمَضَانَ، وَتَحُجَّ الْبَيْتَ إِنْ اسْتَطَعْتَ إِلَيْهِ
سَبِيلًا

«Ислам дегеніміз – әшһәду әллә Иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан РасулуЛлаһ (Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед оның Елшісі) деп куәлік етуің, намаз оқып, зекет беруің, ораза ұстауың, әрі шамаң келсе Аллаһтың үйіне (Қағбаға) қажылық жасауың»,- деп жауап берген.

Хадисті имам әл-Бухари (50) Абу Һурайрадан риуаят етсе, имам Мұслим (8) Омардан (Аллаһ ол екеуінен разы болсын) риуаят еткен.

Және бір хадисте Абу Һурайра (Аллаһ одан разы болсын) айтады:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ ، قَالَ : خَطَبَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَقَالَ : أَيُّهَا النَّاسُ ، قَدْ فَرَضَ اللَّهُ عَلَيْكُمُ الْحَجَّ فَحُجُّوا . فَقَالَ رَجُلٌ : أَكُلَّ عَامٍ يَا رَسُولَ اللَّهِ ؟ فَسَكَتَ حَتَّى قَالَهَا ثَلَاثًا ، فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : لَوْ قُلْتُ نَعَمْ ؛ لَوَجَبْتُ ، وَلَمَّا اسْتَطَعْتُمْ

«Аллаһ Елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бізге хұтба жасады да: «Ей, адамдар! Расында, Аллаһ сендерге қажылықты парыз етті. Ендеше, қажылық жасаңдар», - деді. Сонда бір кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жыл сайын ба?», - деп сұрады. Ол оның сұрағына жауап қайтармады. Осылайша әлгі адам сұрағын үш рет қайталап қойғаннан кейін, ол: «егер иә дегенімде, онда жыл сайын жасау парыз етіліп, сендердің оған шамаларың жетпей қалар еді», - деп жауап береді.

Хадисті имам Мұслим (1337) риуаят еткен.

Сондай-ақ, барлық мұсылмандар бойында қажылық жасаудың шарттары жиналған адамға қажылық жасау парыз екендігіне иджмағ келтірген.

Ал, умраның парыз екендігіне келесі хадистер дәлел болады:

Бірінші хадис: Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын):

يَا رَسُولَ اللَّهِ ، عَلَى النِّسَاءِ جِهَادٌ ؟ قَالَ : نَعَمْ عَلَيْهِنَّ جِهَادٌ لَا قِتَالَ فِيهِ ؛ الْحُجُّ وَالْعُمْرَةُ

«О, Аллаһтың елшісі! Әйелдер үшін Аллаһ жолында парыз болған күрес (соғыс) барма?», - дейді. Ол: «Әйелдерге ешбір соғыссыз әрі қантөгіссіз парыз болған күрес бар. Ол – қажылық пен умра», - деп жауап береді.

Хадисті имам Ахмад (25322), имам Ибн Мәжәһ (2901) және имам Ибн Хузейма (3074) келтірген. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Осы хадистің соңында имам Ибн Хузейма (рахимаһуллаһ) айтқан:

فِي قَوْلِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيْهِنَّ جِهَادٌ لَا قِتَالَ فِيهِ وَإِعْلَامُهُ أَنَّ الْجِهَادَ
الَّذِي عَلَيْهِنَّ الْحَجُّ وَالْعُمْرَةُ بَيَانٌ أَنَّ الْعُمْرَةَ وَاجِبَةٌ كَالْحَجِّ

«Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) «Әйелдерге ешбір соғыссыз әрі қантөгіссіз парыз болған күрес бар. Ол – қажылық пен умра», - деген сөзінде умра да қажылық сияқты парыз екеніне баян (дәлел) бар».

Екінші хадис: Омардан (Аллаһ одан разы болсын) жеткен Жебрейілдің (Аллаһтың оған сәлемі болсын) әйгілі хадисінің басқа бір ләпізінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

الْإِسْلَامُ أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَأَنْ تُقِيمَ الصَّلَاةَ وَتُؤْتِيَ
الزَّكَاةَ، وَتَحُجَّ وَتَعْتِمِرَ، وَتَغْتَسِلَ مِنَ الْجَنَابَةِ، وَأَنْ تُتِمَّ الْوُضُوءَ، وَتَصُومَ رَمَضَانَ

«Ислам дегеніміз – Әшһәду әллә Иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан РасулуЛлаһ (Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед оның Елшісі) деп куәлік етуің, намаз оқып, зекет беруің, шамаң келсе Аллаһтың үйіне (Қағбаға) қажылық пен умра жасауың, жүніптен ғұсыл құйынуың, дәретті толық алуың және ораза ұстауың», - деген.

Хадисті имам Ибн Хузейма (3065) сахих иснадпен (сенімді тізбекпен) жеткізген. Және хадисті имам Дарақутни (2/282) риуаят етіп, хадисті: «тізбегі сенімді әрі сахих», - деген.

Үшінші хадис: Абу Розин әл-Ғуқайли (Аллаһ одан разы болсын) айтады:

عَنْ أَبِي رَزِينٍ الْعُقَيْلِيِّ ، أَنَّهُ أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَقَالَ : يَا رَسُولَ اللَّهِ ،
إِنَّ أَبِي شَيْخٌ كَبِيرٌ لَا يَسْتَطِيعُ الْحَجَّ ، وَلَا الْعُمْرَةَ ، وَلَا الظَّعْنَ . قَالَ : حُجَّ عَنْ أَبِيكَ
وَاعْتَمِرْ

Мен пайғамбарымызға (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) келіп айттым: **«Уа, Аллаһтың елшісі! Менің әкем қатты қартайған шал. Оның қажылық жасауға да, умра өтеуге де, жол жүруге де шамасы жетпейді, (не істесе болады?)»**,- дедім. Ол маған: **«Олай болса, әкеңнің атынан қажылық және умра жаса»**,- деп бұйырды.

Хадисті имам Тирмизи (930) шығарып: «бұл – хасан әрі сахих хадис» деген. Хадистің деңгейі имам Муслимнің шартына сай келеді. Сондай-ақ, хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Қажылық пен умраның шарттары

Қажылық пен умра ақыл-есі толық болған, балиғатқа толған, құлдықтан азат етілген әрі шамасы қажылық пен умра жасауға жететін әрбір мұсылманға парыз. Осы ретте, әйел затына қатысты «махрамның болуы» деген алтыншы шарт қосылады. Ол дегеніміз; әйел адаммен бірге өзінің жақын туыстарының арасынан қажылыққа барып келетін жолсеріктің болуы.

Кәпір адам Исламға кірмей тұрып, қажылыққа да, умраға да бұйырылмайды. Тіпті, егер Исламға кірмей тұрып қажылық жасаған болса да, одан қабыл етілмейді. Бәлкім, ол ең бірінші кезекте негіздерге (иманның алты тірегіне) иман келтіруге бұйырылады. Сонымен бірге, кәпірлердің шариғат амалдарына бұйырылу мәселесіндегі пікірталастағы дұрыс сөз бойынша, олар шариғат амалдарына да бұйырылады. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَوَيْلٌ لِّلْمُشْرِكِينَ ۝ الَّذِينَ لَا يُؤْتُونَ الزَّكَاةَ وَهُمْ بِالْآخِرَةِ هُمْ كَافِرُونَ

{Мүшріктерге (Аллаһқа серік қосушыларға, Аллаһтан басқаға табынатындарға) өкініш (тозақ) болсын, зекет бермейтін және ақыретке иман келтірмейтіндерге}.

«Фуссилат» сүресі, 6-7 ші аяттар.

Және бір аятта Аллаһ Тағала Сақарға (тозаққа) түскен кәпірлердің сол тозаққа түсулерінің себебін айтқандай:

فِي جَنَّتٍ يَتَسَاءَلُونَ ۝ عَنِ الْمُجْرِمِينَ ۝ مَا سَلَكَكُمْ فِي سَقَرٍ ۝ قَالُوا لَمْ نَكُ مِنَ الْمُصَلِّينَ ۝ وَلَمْ نَكُ نُطْعِمِ الْمَسْكِينِ ۝ وَكُنَّا نَحُوضُ مَعَ الْخَاطِئِينَ ۝ وَكُنَّا نُكَذِّبُ بِيَوْمِ الدِّينِ ۝ حَتَّىٰ أَتَانَا الْيَقِينُ

{Жәннаттағылар жәннатта қылмыскерлер (кәпірлер) жайында сұрасады. (Сосын олар тозақтағылардан): «Сендерді Сақарға (тозаққа) не кіргізді?»,- деп сұрайды. Олар: «Біз намаз оқушылардан болмадық және міскіндерді (кедей-мұқтаждарды) тамақтандырмайтын едік, әрі бос, өтірік сөзге батушылармен бірге батушы едік. Сондай-ақ, бізге айқындық (өлім) келгенге дейін, біз қияиет күнін өтірікке шығарған едік»,- деп айтады}.

«Муддәссир» сүресі, 40-47 ші аяттар.

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала айтқандай:

فَلَا صَدَقَ وَلَا صَلَّى ۝ وَلَكِنْ كَذَّبَ وَتَوَلَّى

{Ол (мүшрік) (иман негіздерін) растамады және намаз оқымады. Керісінше, оны өтірік санап, теріс бұрылды}.

«Қиямет» сүресі, 31-32 ші аяттар.

Кәпірлерге (Ислам негіздерімен қатар) шариғат амалдарын бұйырудың пайдасы – олар негіздер мен шариғат амалдарын тастағандықтары үшін қияметте

жауапқа тартылатын болады. Сондықтан, мұсылмандар жәннатта әртүрлі дәрежелерде болатындықтары секілді, кәпірлер де тозақта әртүрлі төмендікте болады. Бұл айырмашылық – мұнафиқтар мен мәжүстердің (отқа табынушылардың) және кітап берілгендердің (еврейлер мен христиандардың) күпірліктегі айырмашылықтары әрі Ислам мен мұсылмандарға зиян берудегі және Аллаһтың дінінен тосудағы күпірліктің ауыртпалығы сияқты, олардың күпірліктегі қаттылықтарына байланысты болмақ. Аллаһ Тағала айтқандай:

الَّذِينَ كَفَرُوا وَصَدُّوا عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ زِدْنَاهُمْ عَذَابًا فَوْقَ الْعَذَابِ بِمَا كَانُوا يُفْسِدُونَ

{Күпір келтіріп, Аллаһтың жолынан тосқандарға олардың бұзу-бүлдірушіліктері үшін азаптың үстіне азап арттырдық}.

«Ән-Нәхл» сүресі, 88-ші аят.

Осы аяттың тәпсірінде **имам Ибн Кәсир** (рахимаһуллаһ) айтады:

أَيُّ عَذَابًا عَلَى كُفْرِهِمْ، وَعَذَابًا عَلَى صَدَّهِمُ النَّاسَ عَنْ اتِّبَاعِ الْحَقِّ

«Яғни, күпір келтіргендіктері үшін бір азап болса, адамдарды ақиқат дінге еруден тосқандықтары үшін тағы да бір азап бар».

Және бір аятта Аллаһ Тағала:

إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا بَعْدَ إِيمَانِهِمْ ثُمَّ أَزْدَادُوا كُفْرًا لَّنْ تَقْبَلَ تَوْبَتُهُمْ وَأُولَٰئِكَ هُمُ الضَّالُّونَ

{Иман келтіргеннен кейін күпірлікке түсіп, күпірліктерін арттырғандардың тәубесі қабыл етілмейді. Әрі олар – адасқандар} деген.

«Әли Имран» сүресі, 90-шы аят.

Тағы да бір аятта Аллаһ Тағала:

إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا وَظَلَمُوا لَمْ يَكُنِ اللَّهُ لِيَغْفِرَ لَهُمْ وَلَا لِيَهْدِيَهُمْ طَرِيقًا
إِلَّا طَرِيقَ جَهَنَّمَ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا وَكَانَ ذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرًا

{Ақиқатында, күпірлік етіп, зұлымдық қылғандарды Аллаһ кешірмейді әрі тура жолға түсірмейді. Оларды тек Жаһаннамның (тозақтың) жолына салып, оларды онда мәңгі қалдырады. Бұл – Аллаһқа өте жеңіл} деген.

«Ниса» сүресі, 168-169 шы аяттар.

Ақыл-есі ауысқан жынды қажылыққа да, умраға да бұйырылмайды. Егер ақыл-есі ауысқан күйде өздігінен жасаса да, одан қабыл етілмейді. Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

رُفِعَ الْقَلَمُ عَنْ ثَلَاثٍ: عَنِ النَّائِمِ حَتَّى يَسْتَيْقِظَ، وَعَنِ الصَّغِيرِ حَتَّى يَكْبُرَ، وَعَنِ
الْمَجْنُونِ حَتَّى يَعْقِلَ أَوْ يَفِيقَ

«Үш адамнан қалам (күнә жазылу) көтерілген: Ұйқыдағы адамнан оянғанға дейін, кішкентай баладан балиғатқа толғанға дейін және жындыдан есін жиып, ақыл-есі дұрыс болғанға дейін».

Сунан Абу Дауд (4398), Сунан ән-Нәсәи (3432), Сунан Ибн Мәжәһ (2041), Сунан әд-Дәrimi (2342), Муснад имам Ахмад (940). Хадисті имам әл-Хаким және имам Альбани «сахих» деген. Бұл хадис Али, Айша, Ибн Аббас сынды ұлы сахабалардан (Аллаһ олардан разы болсын) жеткен. Хадистің шарты имам әл-Бухари мен имам Муслимнің шарттарына сай.

Сәби (балиғатқа толмаған бала) мен құлдықтағы адамға қажылық пен умра парыз емес. Ал, егер өз еркілерімен жасаса, онда сол қажылықтары мен умралары

оларға нәпіл қажылық пен умра болып жазылады. Бұған дәлел – Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисі. Ибн Аббас айтады:

رَفَعَتْ امْرَأَةٌ صَبِيًّا لَهَا، فَقَالَتْ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَلِهَذَا حَجٌّ؟ قَالَ: نَعَمْ، وَلَئِكَ أَجْرُ

«Бір әйел сәбиін алып келіп: «Йа, Аллаһтың елшісі! Мынау сәби үшін қажылық бар ма?», - деп сұрады. Ол: «Иә, әрі саған (онымен бірге қажылық жасағаның үшін) сауап бар», - деді.

Хадисті имам Мұслим (1336) риуаят еткен. Және имам әл-Бухари (1858) жеткізген хадисте Сәиб Ибн Язид (Аллаһ одан разы болсын) былай деген:

حُجَّ بِي مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا ابْنُ سَبْعِ سِنِينَ

«Мен жеті жасымда (әке-шешем) мені өздерімен алып, Аллаһ елшісімен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірге қажылық жасатқан болатын».

Дегенмен де, сәби мен құлдың жасаған қажылықтары мен умралары олардың мойындарынан парыз болған қажылықты түсірмейді. Бәлкім, құлдықтан азат елтігенде және балиғатқа толғанда оларға қажылық пен умраны өтеу – парыз болып жүктеледі. Оған дәлел – Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисі. Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) айтқан:

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ: أَحْفَظُوا عَنِّي، وَلَا تَقُولُوا قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ، أَيُّمَا عَبْدٍ حَجَّ بِهِ أَهْلُهُ، ثُمَّ أُعْتِقَ، فَعَلَيْهِ الْحَجُّ، وَأَيُّمَا صَبِيٍّ حَجَّ بِهِ أَهْلُهُ صَبِيًّا ثُمَّ أَدْرَكَ، فَعَلَيْهِ حَجَّةُ الرَّجُلِ

Менен (бұл хадисті) жаттап алыңдар және ол Ибн Аббастың сөзі деп жүрмеңдер (яғни, бұл – пайғамбардың

сөзі): «Қандай да бір құлмен бірге оның қожайыны қажылық (және умра) жасаған болса, сосын кейін оны азат етсе, онда ол құлға (азат адамның) қажылығын жасау парызға айналады. Дәл сол секіліді, қандай да бір сәбимен бірге оның ата-анасы қажылық (және умра) жасаған болса, содан кейін ол сәби балиғатқа толса, онда оған балиғатқа толған адамның қажылығын орындау парыз болады».

Хадисті имам Ибн Аби Шейба (14875) келтірген. Хадистің иснады сахих. Имам Ибн Аби Шейба ол – имам әл-Бухари мен имам Мұслимнің шейхы. Хадистің шарты екеуінің шарттарына сәйкес. Сондай-ақ, хадисті имам әл-Байһақи (4/325) пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сөзінен жеткізген. Осы жерде Ибн Аббастың: «**Менен (бұл хадисті) жаттап алыңдар және ол Ибн Аббастың сөзі деп жүрмеңдер**», - дегені, яғни, бұл сөз – пайғамбардың сөзі екеніне нұсқау (дәлел).

Қажылыққа шамасы жететін адам деп – денесімен де, малымен (ақшасымен) де қажылық жасауға мүмкіндігі бар адамды айтады. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا

{Адамдардың ішінде (Қағбаға) жол жүруге шамасы жеткендерге – Үйді (Қағабаны) қажылық жасаулары Аллаһтың алдындағы міндеттері болып табылады} деген.

«Әли Имран» сүресі, 97-ші аят.

Қажылық пен умра жасауға кәрілік не жазылмайтын ауру себепті шамасы келмесе немесе дені сау әрі күш-қуаты бар болып, алайда ақшалай шамасы жетпесе, онда оған қажылық та, умра да парыз емес. Ал, кімнің қажылық пен

умраға ақшалай жағдайы жетіп, бірақ денсаулығы мен күш-қуаты болмаса, онда өзінің атынан біреуді қажылық пен умра жасатуы уәжіп болады. Сөзсіз, осы суреттегі адамның атынан өзгелер қажылық пен умра жасаса рұқсат. Жоғарыда өткен Абу Розин әл-Ғуқайлидің (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде айтылғандай:

عَنْ أَبِي رَزِينٍ الْعُقَيْلِيِّ ، أَنَّهُ أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَقَالَ : يَا رَسُولَ اللَّهِ ،
إِنَّ أَبِي شَيْخٌ كَبِيرٌ لَا يَسْتَطِيعُ الْحَجَّ ، وَلَا الْعُمْرَةَ ، وَلَا الظَّعْنَ . قَالَ : حُجَّ عَنْ أَبِيكَ
وَاعْتَمِرْ

Мен пайғамбарымызға (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) келіп айттым: «Уа, Аллаһтың елшісі! Менің әкем – қатты қартайған шал. Оның қажылық жасауға да, умра өтеуге де, жол жүруге де шамасы жетпейді, (не істесе болады?)», - дедім. Ол маған: **«Олай болса, әкеңнің атынан қажылық және умра жаса»,** - деп бұйырды.

Хадисті имам Тирмизи (930) шығарып: «бұл – хасан әрі сахих хадис» деген. Хадистің деңгейі имам Мұслимнің шартына сай келеді. Сондай-ақ, хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Және Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінде айтылғандай:

جَاءَتْ امْرَأَةٌ مِنْ خَتَمِ عَامِ حَجَّةِ الْوَدَاعِ قَالَتْ : يَا رَسُولَ اللَّهِ ، إِنَّ فَرِيضَةَ اللَّهِ
عَلَى عِبَادِهِ فِي الْحَجِّ أَذْرَكَتْ أَبِي شَيْخًا كَبِيرًا لَا يَسْتَطِيعُ أَنْ يَسْتَوِيَ عَلَى الرَّاحِلَةِ
فَهَلْ يَقْضِي عَنْهُ أَنْ أَحُجَّ عَنْهُ ؟ قَالَ : نَعَمْ

«Хаджатуль-Уәдәғ кезінде (қоштасу қажылығында) Хосғәм тайпасынан бір әйел келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһтың құлдарына парыз еткен қажылық ғибадаты менің жолға шығуға жарамайтын қарт әкеме де келіп

жетті. Мен оның атынан қажылық парызын өтейін бе?»,- деп сұрады. Ол: «Иә, (әкеңнің парызын өте)»,- деді.

Хадисті имам әл-Бухари (1854) және имам Муслим (1335) риуаят еткен.

Әрі бұл хадисте әйел кісі ер кісінің атынан қажылық жасауы рұқсат екендігіне дәлел бар.

Егер біреу қажылық жасамастан өліп кетсе, онда оның мирасқа қалдырған дүниесінен біреуді қажылық жасатуға жететіндей мөлшерде қаражат бөліну тиіс. Әрі оның атынан басқалар (өз қаражаттарымен) қажылық жасаса болады. Бурейда Ибн Хусейб (Аллаһ одан разы болсын) жеткізген хадисте бір әйел Аллаһ елшісіне (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) келіп:

قَالَتْ: إِنَّهَا لَمْ تَحُجَّ قَطُّ، أَفَأَحُجُّ عَنْهَا؟ قَالَ: حُجِّي عَنْهَا

«Менің анам қажылық жасамай қайтыс болған еді, мен оның атынан қажылық жасасам бола ма?»,- деді. Ол: «Иә, анаңның атынан қажылық жаса»,- деп жауап берді.

Хадисті имам Муслим (2697) шығарған.

Денесімен және ақшасымен қажылық жасауға бақуатты әйел – махрамның болуымен ғана қажылық жасауға құдіретті әйелге айналады. Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бұл турасында:

لَا تُسَافِرُ الْمَرْأَةُ إِلَّا مَعَ ذِي مَحْرَمٍ ، وَلَا يَدْخُلُ عَلَيْهَا رَجُلٌ إِلَّا وَمَعَهَا مَحْرَمٌ
فَقَالَ رَجُلٌ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، إِنِّي أُرِيدُ أَنْ أَخْرُجَ فِي جَيْشٍ كَذَا وَكَذَا، وَأَمْرَاتِي تُرِيدُ الْحَجَّ
فَقَالَ: أَخْرِجْ مَعَهَا

«Әйел адамға махрамсыз сапарға шығу рұқсат емес. Әрі бөтен еркек әйел адамға оның махрамысыз кіруге

болмайды»,- деген. Сонда бір кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен мынандай да мынанда бір жасақпен бірге жорыққа аттануды қалаймын, бірақ әйелім қажылыққа шыққалы тұр еді, (не істесем болады?)»,- деді. Ол: «Әйеліңмен бірге қажылыққа шық»,- деп жауап қатты.

Хадисті имам әл-Бухари (1862) және имам Муслим (1341) Ибн Аббастың хадисінен жеткізген.

Осы хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сұраушы кісіге жорықты тастап, (әйеліне махрам болып), онымен бірге қажылық жасауын нұсқады⁴. Ал, егер әйел баласы ешбір махрамсыз қажылық немесе умра жасаса, оның қажылығы дұрыс болады, алайда ол әйел махрамсыз сапарға шыққандығы үшін күнәға батады. Өйткені, әйел затымен бірге махрамның болуы – қажылықтың дұрыс болуы үшін емес, бәлкім, әйелге қажылық парыз болу үшін шарт етілген⁵. Ал, Меккелік (немесе Меккеге махраммен жеткен) әйелге Меккенің ішінде сенімді құрбыларымен бірге қажылық жасай берсе рұқсат. Себебі, Меккенің ішінде қажылық рәсемдері өтелетін орындарға бару – сапар болып есептелмейді. Сондықтан, Меккенің ішінде махрамның болуы шарт емес. Әйелдің махрамы деп – оның күйеуін және қандық (тектік) немесе рұқсат етілген себептермен оған тұрмысқа шығу бақилыққа харам етілген ер кісілерді айтады. Қандық жолмен харам етілгендерге мылас ретінде; оның әкесін, баласын, туған

⁴ Бұл – әйел заты үшін сапарда махрамның болуы қатты маңызды екенін көрсетеді

⁵ Яғни, жолға шығуға ешбір махрам таппаған әйелге қажылық жасау уәжіп емес

ағасы мен інісін және көкесі мен нағашысын айтуға болады, Рұқсат етілген себеппен махрам болу екі түрлі болады:

Біріншісі: Емізу арқылы.

Екіншісі: Тұрмысқа шығу арқылы.

Ал, емізу жолымен харам етілгендерге мысал ретінде; оны емізген әйелдің күйеуін (сүт әкесін), емшек (сүт) бауырларын, көкесі мен нағашысын келтіруге болады. Немесе тұрмысқа шығу себепті харам етілгендердің тізіміне; күйеуінің әкесін, күйеуінің басқа әйелден болған баласын, өгей әкесін және күйеу баласын кіргізсе болады.

Сондай-ақ, рұқсат етілген себептермен тұрмысқа шығу мәңгілікке харам етілгендердің тізімінен лағнеттесуге түскен күйеуі шығып кетеді. Өйткені, ол өзінің бұрынғы әйеліне бақилық бойы үйлене алмайды. Бірақтан, ол оған ешқандай махрам болып саналмайды.

Қажылық пен Умраның рүкіндері (тіректері)

Қажылық пен Умраның рүкіндері (тіректері) деп – орындалуы міндетті болған әрі оның орнына ешбір амалдар жүрмейтін белгілі болған амалдарды айтады.

Умраның тіректері үшеу:

- 1) Ихрам (қажылыққа немесе умраға кіру ниеті).
- 2) Тауаф (Қағбаны 7 рет айналу).
- 3) Сағи (Сафа мен Маруаның арасын 7 рет жүріп өту).

Міне, дәл осы үш тірек қажылықтың да тіректері болып табылады. Тек қажылықта төртінші тірек қосылады. Ол – Арафада тұру.

Ихрам деп – Қажылықты немесе Умраны ниет қылуды айтады. Әрі ихрамға кіру жүректегі ниеттің (қажылық немесе умра жасаймын деген анық шешімнің) болуымен ғана жүзеге асады. Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ، وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى

«Расында, амалдар ниетке байланысты. Сондықтан, әркімге ниет еткен нәрсесі ғана беріледі».

Хадисті имам әл-Бухари (1) және имам Мұслим (1907) Омар Ибн Хаттабтың хадисінен риуаят еткен.

Сондай-ақ, **имам Ибн Мунзир** (рахимаһуллаһ) өзінің «әл-Иджмағ» атты кітабының 55-ші бетінде былай деген:

وَأَجْمَعُوا عَلَى أَنَّهُ أَرَادَ أَنْ يَهْلَ بِحَجِّ فَأَهْلَ بِعُمْرَةٍ، أَوْ أَرَادَ أَنْ يَهْلَ بِعُمْرَةٍ فَلَبَّى بِحَجٍّ: أَنَّ
الْإِجْمَاعَ مَا عَقَدَ عَلَيْهِ قَلْبُهُ، لَا مَا نَطَقَ بِهِ لِسَانُهُ

«Егер біреу қажылыққа ниет етіп тұрып тілімен умраны айтып қойса немесе умраны ниет ете тұрып қажылықты айтып қойса, онда оған тиеісілі болған нәрсе оның тілінің айтқаны емес, бәлки, жүрегінде ниет қылғаны екендігіне ғұламалар иджмағ келтірген (бірауыздан келіскен)».

Тауаф деп – қажылар үшін құрбандық шалатын күні Арафа мен Мұздалифадан келгеннен кейін жасалатын тауаф әл-Ифаданы айтады. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَلْيَطَّوَّفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ

{Және ежелгі Үйді (Қағбаны) тауаф етсін}.

«Хаж» сүресі, 29-шы аят.

Және бір хадисте Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын) айтқан:

حَجَّجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَفْضْنَا يَوْمَ النَّحْرِ، فَحَاضَتْ صَفِيَّةُ، فَأَرَادَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْهَا مَا يُرِيدُ الرَّجُلُ مِنْ أَهْلِهِ فَقُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، إِنَّهَا حَائِضٌ. قَالَ: حَابِسْتُنَا هِيَ؟ قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَفَاضَتْ يَوْمَ النَّحْرِ. قَالَ: اخْرُجُوا

Пайғамбармен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірге қажылық жасап, құрбандық шалатын күні тауаф қылдық. Сосын Сафияның (пайғамбарымыздың әйелі) етеккірі (хайызы) келді. Ал, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) болса, онымен қосылуды қалады. Мен оған: «Уа, Аллаһтың елшісі! (Онымен қосыла алмайсыз) өйткені ол – хайызда», - дедім. Ол: «Бізді (Меккеден шығудан) ұстап қалайын деп тұрма сонда?», - деді. Сахабалар айтты: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ол құрбандық шалатын күні тауаф жасап қойған», - деп. Ол: «Олай болса, жолға шыға беріңдер», - деді.

Хадисті имам әл-Бухари (1733) және имам Мұслим (1211) риуаят еткен.

Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Бізді (Меккеден шығудан) ұстап қалайын деп тұрма сонда?»** деген сөзі, яғни: «етеккірінен тазарып, тауаф әл-Ифада қылмайынша бізді Меккеден шығудан тосып қалмақшы ма?» деген мағынада.

Имам Ибн Қудама (рахимаһуллаһ) өзінің «әл-Мұғни» (5/311) атты еңбегінде айтқан:

وهو ركن للحج، لا يتم إلا به، لا نعلم فيه خلافا، ولأن الله عز وجل قال وليطوفوا بالبيت العتيق الحج: 29، قال ابن عبد البر: هو من فرائض الحج لا خلاف في ذلك بين العلماء

«Тауаф әл-Ифада – қажылар үшін қажылықтың ең үлкен тірегі екендігінде пікірталас барын білмейміз. Өйткені, Аллаһ Тағала: {Және ежелгі Үйді (Қағбаны) тауаф етсін} деген. Имам Ибн Абдуль-Барр (рахимаһуллаһ) айтып еді: «Тауаф әл-Ифада – қажылықтың парыздарынан. Бұл мәселеде ғұламалар арасында талас жоқ».

Ал, умрашылар үшін жасалатын тауаф деп – Меккеге кіре берісімен жасалатын тауаф әл-Қудумды айтады. Бұл тұрасында Ибн Рушд әл-Қуртуби (рахимаһуллаһ) «Бидаятуль-Муджтәһидте» (1/344) былай депті:

أجمعوا على أنه ليس على المعتمر إلا طواف القدوم

«Умрашының мойнында тауаф әл-Қудумнан басқа ешбір тауаф жоқтығына ғалымдар иджмағ келтірген⁶».

Умра сөзі тілдік жағынан алғанда зиярат ету деген мағынада. Ал, шариғаттық тұрғыдан айтқанда, умра ол – ескі Үйді (Қағбаны) онда Тауаф қылу және Сафа мен Маруаның арасында жүріп шығу арқылы зиярат ету. Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) әл-Қодо және әл-Жиғирронә умраларында Қағбаны тауаф қылып, Сафа мен Маруаның арасында жүріп өткен. Имам әл-Бухари

⁶ Яғни, қажылықтағы адамға Меккеден шығар кезде тауаф әл-Уәдәғ (қоштасу тауафы) жасауы уәжіп. Ал, умрашыға уәжіп емес. Оған тек бір ғана тауаф уәжіп болады. Ол – Меккеге кіре берісімен жасалатын тауаф әл-Қудум (умра тауафы).

(1893) және имам Мұслим (2999) жеткізген хадисте 'Амр Ибн Динар (рахимаһуллаһ) айтады:

سَأَلْنَا ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا، عَنْ رَجُلٍ طَافَ بِالْبَيْتِ فِي عُمْرَةٍ، وَلَمْ يَطُفْ
بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ : أَيَأْتِي امْرَأَتُهُ ؟ فَقَالَ : قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
، فَطَافَ بِالْبَيْتِ سَبْعًا وَصَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكَعَتَيْنِ، وَطَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ سَبْعًا
وَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

Біз Абдуллаһ Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) умрада Қағбаны тауаф қылып, Сафа мен Маруаның арасында жүрмеген адамның әйелімен қосылуы жайында сұрадық. Сонда ол: **«Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Меккеге кіргенде бірден Қағбаны жеті рет тауаф қылып (айналып), Мақам Ибраһимнің артында намаз оқып, Сафа мен Маруаның арасында жүріп өткен. Ақиқатында, сендер үшін Аллаһ елшісінде (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) көркем өнеге, үлгі бар»**, - деп айтты.

Сағи қылу умрашылар үшін жоғарыда пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) әл-Қодо және әл-Жиғирронә умраларында жасағанындай, әрі Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінде келгеніндей; тауаф әл-Қудумнан кейін келеді. Ал, қажыларға келсек, егер қажылық жасаушы адамның қажылығы таматтуғ қажылығы болса, онда сағи қылу тауаф әл-Ифададан кейін келеді. Ал, Қорин немесе Мұфрид қажылығын жасаушыларға сағиды тауаф әл-Қудум жасағаннан кейін не болмаса тауаф әл-Ифада жасаған соң орындаса да болады. Егер тауаф әл-Қудумнан кейін сағи қылмаған болса, онда тауаф әл-Ифада жасағаннан кейін сағи қылуы міндеттеледі. Аллаһ Тағала айтқандай:

إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ فَمَنْ حَجَّ الْبَيْتَ أَوْ اعْتَمَرَ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِ
أَنْ يَطُوفَ بِهِمَا

{Расында, Сафа мен Маруа – Аллаһтың белгілерінен (шариғи рәсімдер өтілетін орындардан). Кім Үйге (Қағбаға) қажылық немесе умра жасаса, оған Сафа мен Маруаның арасында жүруде ешбір күнә жоқ} деген.

«Бақара» сүресі, 158-ші аят.

Және Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) сағи жасау керектігіне қатысты:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اسْعَوْا، فَإِنَّ السَّعْيَ قَدْ كُتِبَ عَلَيْكُمْ

«Ей, адамдар! Сағи қылыңдар. Шын мәнінде, сағи қылу – сендерге (қажылық пен умрада) парыз етілген», - деген.

Хадисті имам Дарақутни (2582) және имам әл-Байһақи (9365) Сафия анамыздың хадисінен жеткізген. Хадистің иснады хасан. Оның хасан екенін имам Науауи «әл-Маджмуғ» (8/82) атты кітабында айтып кеткен. Сондай-ақ, хадисті имам әл-Музани және имам Ибн Абдуль-Һәди «сахих» деп бағалаған. Әрі имам Альбани «әл-Ируа әл-Ғолильде» (1072): «хадистің иснады өте жақсы», - деген.

Және Айша анамыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) хадисте:

مَا أَتَمَّ اللَّهُ حَجَّ امْرِئٍ وَلَا عُمْرَتَهُ لَمْ يَطُفْ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

«Сафа мен Маруаның арасында сағи қылмайынша, Аллаһ Тағала ешбір адамның қажылығы мее умрасын тәмәм етпеген (мәресіне жеткізбеген)», - деп айтқан.

Хадисті имам әл-Бухари (1790) және имам Мұслим (1277) риуаят еткен.

Және имам Ибн Жәрирдің (рахимаһуллаһ) тәрсірінің Бақара сүресінің 158-ші аятында Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын) айтқан:

عن عائشة قالت: لعمري ما حجّ من لم يسع بين الصفا والمروة، لأن الله قال: إن الصفا والمروة من شعائر الله

«Ант етейін! Сафа мен Маруаның арасында жүрмеген адам қажылық жасаған жоқ. Өйткені, Аллаһ Тағала: {Расында, Сафа мен Маруа – Аллаһтың белгілерінен (шариғи рәсімдер өтілетін орындардан)} деген».

Осы үш тірек – қажылық пен умраның тіректері екендігінде иджмағ бар. Тек сағи мәселеінде пікірталас орын алған. Алайда, көпшілік ғалымдардың көзқарасында сағи ол – қажылық пен умраның тіректерінен.

Қажылықтың төртінші тірегі – Арафада тұру. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда айтқан:

فَإِذَا أَفَضْتُمْ مِنْ عَرَفَاتٍ فَاذْكُرُوا اللَّهَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ الْحَرَامِ

{Арафадан қайтқан шақтарыңда Мәшғәрул-Харам маңында (Муздалифада) Аллаһты еске алыңдар}.

«Бақара» сүресі, 198-ші аят.

Арафадан қайту – оның үстінде тұрып, (дұға қылғаннан кейін) келеді. Бұл – қажылықтың сондай ұлы бір тірегі, кім оны жіберіп алса, қажылығы зая кетеді. Бұл турасында Абдур-Рахман Ибн Яғмар (Аллаһ одан разы болсын) былай деген:

شَهِدْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ واقِفٌ بعَرَفَةَ وَأَتَاهُ نَاسٌ مِنْ أَهْلِ
نَجْدٍ فَقَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، كَيْفَ الْحَجُّ؟ قَالَ: الْحَجُّ عَرَفَةُ، فَمَنْ جَاءَ قَبْلَ صَلَاةِ
الْفَجْرِ لَيْلَةَ جَمْعٍ فَقَدْ تَمَّ حَجُّهُ

Мен – Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Арафада тұрған кезінде оған Нәжд тұрғындары келгенін көрдім. Олар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Қажылық қалай (қажылық деген не)?», - деп сұрады. Ол: **«Қажылық ол – Арафа (Арафада тұру). Кім Арафаға (Муздалифада) таң намазына жиналмас бұрын келіп үлгерсе, қажылығы толық болмақ»**, - деді.

Хадисті имам Тирмизи (889), имам Абу Дауд (1949), имам Нәсәи (3016) және имам Ибн Мәжәһ (3015) шығарған. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Осы ретте **имам Ибн Мунзир** (рахимаһуллаһ) «әл-Иджмағ (64)» атты кітабында айтқан:

وأجمعوا على أن الوقوف بعرفة فرض، لا حج لمن فاتته الوقوف بها

«Арафада тұру парыз екендігіне әрі Арафада (таң атпай тұрып бір сәт болса да) тұрып үлгермегеннің қажылығы жоқ екендігіне ғұламалар иджмағ келтірген».

Қажылық пен Умраның уәжіптері

Қажылық пен умраның уәжіптері ол – орындалуы міндет болған рәсімдер (амалдар). Егер олардың біреуі орындалмай қалса, онда оның өтемі ретінде мал (қой) сою міндеттеледі. Егер мал соятындай жағдайға түсіп жатса, онда ол малдан өзі дәм таптауы шарт және ол малдың етін Меккедегі «Әл-Харам» мешітінің кедей-міскіндеріне тарату керек. Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) айтқандай:

مَنْ نَسِيَ مِنْ نُسُكِهِ شَيْئًا أَوْ تَرَكَهُ فَلْيُهْرِقْ دَمًا

«Кім қажылықтың немесе умраның (уәжіптерінің) бірін ұмытып кетсе, әлде тастап кетсе, орнына мал сойсын».

Хадисті имам Мәлик (1257) сахих иснадпен келтірген.

Умраның уәжіптері екеу болса, қажылықтыңкі жетеу.

Умраның уәжіптерінің біріншісі: Ихрамға Миқоттан кіру. Себебі, Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) ихрамға кіретін миқоттарды баяндай келіп былай деген:

هُنَّ لَهُنَّ، وَلِكُلِّ آتٍ عَلَىٰ هُنَّ مِنْ غَيْرِهِمْ مَنْ أَرَادَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ، فَمَنْ كَانَ دُونَ ذَلِكَ فَمِنْ حَيْثُ أَنْشَأَ حَتَّى أَهْلُ مَكَّةَ مِنْ مَكَّةَ

«Бұл миқоттар – сол миқот тұрғындары үшін және қажылық пен умра жасау мақсатында сол миқоттардан өтетін жатжерліктер үшін. Ал Меккеге сол миқоттардан жақын тұратындар өздері тұрған жерлерінен ихрамға кіреді. Тіпті, Меккеліктер Меккеден».

Хадисті имам әл-Бухари (1845) және имам Муслим (1181) Ибн Аббастың хадисінен жеткізген.

Сондықтан, қажылықты немесе умраны қалаған адам сол миқот тұрғындарынан болсын-болмасын, бәрібір де миқоттан ихрамға (қажылық пен умра ниетіне) кіру уәжіп болғай.

Умраның уәжіптерінің екіншісі: қажылықтың немесе умраның ихрамынан шығар кезде шашты қыру, не болмаса қысқарту. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

لَقَدْ صَدَقَ اللَّهُ رَسُولَهُ الرُّعْيَا بِالْحَقِّ لَتَدْخُلَنَّ الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ إِنْ شَاءَ اللَّهُ ءَامِنِينَ
مُحَلِّقِينَ رُءُوسَكُمْ وَمُقَصِّرِينَ لَا تَخَافُونَ

{Аллаһ Өз Елшісінің көргенін (түсін) ақиқатпен растады. Аллаһ қаласа, сендер әлбетте әл-Харам мешітіне (Қағбаға) қауіпсіз түрде, әрі шаштарыңды қырған және қысқартқан күйде кіретін боласыңдар} деген.

«Фатх» сүресі, 27-ші аят.

Басқа бір аятта:

وَأَتِمُّوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ فَإِنْ أُحْصِرْتُمْ فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ وَلَا تَحْلِقُوا
رُءُوسَكُمْ حَتَّى يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحِلَّهُ

{Аллаһ үшін қажылық пен умраны соңына дейін жеткізіңдер (толық орындаңдар). Ал, егер бір кедергіге тап болсаңдар, құрбандық малдан сендерге жеңіліндетілгенін сойыңдар. Сойылуға аталған мал сойылатын орынға жеткенге дейін шаштарыңды алмаңдар} деген.

«Бақара» сүресі, 196-шы аят.

Және Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) хадистердің бірінде:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِلْمُحَلِّقِينَ، قَالُوا :يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَلِلْمُقَصِّرِينَ ؟ قَالَ :اللَّهُمَّ اغْفِرْ
لِلْمُحَلِّقِينَ قَالُوا :يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَلِلْمُقَصِّرِينَ ؟ قَالَ :اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِلْمُحَلِّقِينَ قَالُوا :يَا
رَسُولَ اللَّهِ، وَلِلْمُقَصِّرِينَ ؟ قَالَ :وَلِلْمُقَصِّرِينَ

«Аллаһ шаштарын тақырлап алғандарды Мейіріміне алсын»,- деп дұға қылады. Сол уақытта шаштарын қысқартқандар (яғни, тақырлап алмағандар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Қысқартқандарды ше?»,- дейді. Ол тағы да: «Аллаһ шаштарын тақырлағандарды Мейіріміне алсын»,- дейді. Олар тағы да: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ал, қысқартқандарды

ше?»,- дейді. Сосын ол тағы да: «Аллаһ шаштарын тақырлағандарды Мейіріміне алсын»,- деп қайталайды. Сол кезде олар қайтып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ал, қысқартқандарды ше?»,- деп сұрайды. Сөйтіп ол, төртінші ретте ғана: «Қысқартқандарды да»,- деп дұға қылады.

Хадисті имам әл-Бухари (1728) және имам Мұслим (1302) Абу Һурайраның хадисінен шығарған.

Миқоттан ихрамға кіру және шаш алу – қажылық пен умраға бірдей уәжіп болып есептеледі.

Қажылықтың үшінші уәжібі: Арафада күндіз тұрған адамға күн батқанға дейін тұру уәжіп. Жәбірдің (Аллаһ одан разы болсын) қажылықтың сипаты толық айтылған хадисінде:

وَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ، فَلَمْ يَزَلْ وَاقِفًا حَتَّى غَرَبَتِ الشَّمْسُ، وَذَهَبَتِ الصُّفْرَةُ قَلِيلًا حَتَّى غَابَ الْفَرْصُ

«Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) күн батып, күннің сарғыштығы тарқағанға дейін, тіпті күн шарасы батқанша құбылаға қараған қалыпта түрегеп (Аллаһты зікір етіп, Оған дұға қылып) тұрды» делінген.

Хадисті имам Мұслим (1218) шығарған.

Басқа бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

يَا أَيُّهَا النَّاسُ، خُذُوا مَنَاسِكَكُمْ، فَإِنِّي لَا أَدْرِي لَعَلِّي لَا أَحْجُ بَعْدَ عَامِي هَذَا

«Уа, адамдар! Менен «Қажылық пен Умра» ғибадатының рәсімдерін үйреніп алып қалыңдар. Өйткені,

мен осы жылдан кейін қажылық жасар-жасамасымды білмеймін»,- деген.

Хадисті имам Мұслим (1297) және имам Нәсәи (3062) Жәбирден риуаят еткен.

Қажылықтың төртінші уәжібі: Муздалифада түнеу. Аллаһ Тағала айтқандай:

فَإِذَا أَفْضَئْتُمْ مِّنْ عَرَفَاتٍ فَادْكُرُوا اللَّهَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ الْحَرَامِ

{Арафадан қайтқан шақтарыңда Мәшғәрул-Харам маңында (Муздалифада) Аллаһты еске алыңдар}.

«Бақара» сүресі, 198-ші аят.

Мәшғәрул-Харам дегеніміз – Муздалифа. Сондай-ақ, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Муздалифада таң атқанға дейін түнеген. Және әйелдерге, кішкентай балалар мен әлсіздерге (қарттар мен ауруларға) Муздалифадан түннің соңғы бөлігінде Минаға қарай шыға берулеріне рұқсат еткен. Бұл турасында келген хадистерді имам әл-Бухари мен имам Мұслим Ибн Омар мен Ибн Аббастан (Аллаһ олардан разы болсын) жеткізген.

Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) оларға таң атпай тұрып Минаға қарай жол жүрулеріне рұқсат беруі – Муздалифада таң атқанға дейін түнеудің уәжіптігіне нұсқау болып табылады. Өйткені, егер уәжіп болмағанында, рұқсатқа мұқтаж болмас еді.

Қажылықтың бесінші уәжібі: Құрбандық шалу күні түске дейін және түстен кейін «Жәмрат әл-Ақаба» лақтыру (шайтанға тас ату), сондай-ақ, Ташриқ күндерінде түстен кейін үш күн қатарынан тас ату. Жәбірдің (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде:

رَمَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْجَمْرَةَ يَوْمَ النَّحْرِ ضُحًى، وَأَمَّا بَعْدُ، فَإِذَا زَالَتِ الشَّمْسُ

«Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Құрбандық шалатын күні тасты Дұха уақытында (күн шыққаннан кейін) атты. Ал, қалған үш күнде түстен кейін атқан болатын»,- делінген.

Хадисті имам Мұслим (1299) жеткізген.

Және Абдуллаһ Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын хадисінде) айтты:

كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُسْأَلُ يَوْمَ النَّحْرِ بِمَنَى، فَيَقُولُ: لَا حَرَجَ فَسَأَلَهُ رَجُلٌ فَقَالَ: حَلَفْتُ قَبْلَ أَنْ أُدْبِحَ. قَالَ: ادْبَحْ وَلَا حَرَجَ. وَقَالَ رَمَيْتُ بَعْدَمَا أُمْسَيْتُ فَقَالَ: لَا حَرَجَ

«Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) құрбандық күні Минада болған кезде (кейбір адамдардың қажылық рәсімдерінің реттерін ауыстырып жасап қойғандықтары жөнінде) сұралып: «Ештеңе етпейді (оқасы жоқ)»,- деп жауап беріп жатты. Сонда бір кісі одан: «Мен құрбандық шалмай тұрып, шашымды алып қойып едім (не істесем болады)?»,- деп сұрады. Ол: «Шала бер. Ештеңе етпейді»,- деді. Сосын әлгі кісі тағы да: «Тасты кеш батқаннан кейін лақтырдым (не істейін)?»,- деген еді, ол тағы да: «Оқасы жоқ»,- деп жауап берді».

Хадисті имам әл-Бухари (1735) және имам Мұслим (1307) шығарған.

Абдуллаһ Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) айтқан:

كُنَّا نَتَحَيَّنُ فَإِذَا زَالَتِ الشَّمْسُ رَمَيْنَا

«Біз уақытты бақылайтынбыз. Қашан күн қақ ортадан ауса, (яғни, түстен кейін) тас атуға кірісетін едік».

Хадисті имам әл-Бухари (1746) жеткізген.

Және 'Асым Ибн 'Ади (Аллаһ одан разы болсын) тас лақтыруға қатысты келесідей айтқан:

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَخَّصَ لِلرُّعَاةِ فِي الْبَيْتُوتَةِ، يَوْمَ النَّحْرِ، وَالْيَوْمَيْنِ اللَّذَيْنِ بَعْدَهُ يَجْمَعُونَهُمَا فِي أَحَدِهِمَا

«Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) шопандарға (түйе жаятындарға) Минада үш түн түнемеуге рұқсат берді. Олар тас лақтыру рәсімін Құрбандық күні жасап, содан кейін екі күн тас атуды бір күнге біріктірсе болады⁷».

Хадисті имам Нәсәи (3069) және басқалары сахих иснадпен жеткізген. Хадиске имам Альбани «сахих» деп үкім еткен.

Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) үш күн қатарынан тас атуды шопандардың мойынан түсірместен, оларға екі күндікін бір күнге қосуларына рұқсат беруі – бұл рәсімнің уәжіп екендігіне бірден-бір айғақ.

Қажылықтың алтыншы уәжібі: Асыққандар үшін (яғни, Ташриқтың үшінші күніне қалмайтындар үшін) Ташриқтың екі күнін Минада түнеу және кешігетіндер үшін (яғни, Ташриқтың үшінші күніне қалатындар үшін) Ташриқтың үш күнін Минада түнеу. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

⁷ Негізінде қажылардың ішінде асығыстары тасты Зуль-Хиджаның 10, 11, 12 күндері үш күн қатарынан ату керек. Алайда, шопандар 11 мен 12 күні лақтырылуы керек болған тастарды бір күнге қосып лақтыра болады.

وَأَذْكُرُوا اللَّهَ فِي أَيَّامٍ مَّعْدُودَاتٍ فَمَنْ تَعَجَّلَ فِي يَوْمَيْنِ فَلَا إِثْمَ عَلَيْهِ وَمَنْ تَأَخَّرَ فَلَا إِثْمَ عَلَيْهِ لِمَنِ اتَّقَىٰ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمُوا أَنَّكُمْ إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ

{Аллаһты санаулы күндерде еске алыңдар. Кім асықса, оның (Минадағы рәсімдерді) екі күн ішінде аяқтауында ешбір күнә жоқ. Ал, кім кешіксе (Ташритың үш күнін Минада өткізсе), оған да күнә жоқ. Бұл – тақуалық етушілер үшін. Аллаһтан қорқып, Оның алдына барлықтарың жиналатындықтарыңды біліңдер} деген.

«Бақара» сүресі, 203-ші аят.

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Минада Ташрик күндерінің үш күнін де түнеп, Ташриқтың үшінші күні (Зуль-Хиджаның 13-ші күні) түстен кейін тас атып, қажылық рәсімдерін аяқтаған. Және шопандар мен суғарушыларға⁸ Ташрик күндерінде Минада қонбауларына рұқсат берген. Хадисте Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) айтқан:

اسْتَأْذَنَ الْعَبَّاسُ بْنُ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَبِيتَ بِمَكَّةَ لَيْلِي مَنَى مِنْ أَجْلِ سِقَايَتِهِ، فَأُذِنَ لَهُ

«Пайғамбарымыздың көкесі – Аббас Ибн Абдуль-Муттолиб (Аллаһ одан разы болсын) адамдарға су беріп қызмет қылатын болғандықтан, Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Ташрик түндерін Минада емес, Меккеде өткізуге рұқсат сұрады. Ол оған рұқсат етті».

Хадисті имам әл-Бухари (1634) және имам Муслим (1315) риуаят еткен.

⁸ Яғни, адамдарға қажылықта су немесе тамақ беріп, оларға қызмет қылушыларға.

Сондай-ақ, бұған – жоғарыда өткен 'Асым Ибн 'Адидің (Аллаһ одан разы болсын) хадисі сілтейді. Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) шопандар мен адамдарға су беріп қызмет қылатындарға рұқсат беруі – Ташриқ түндерінде Минада қонудың уәжіптігіне тағы бір дәлел.

Оған қоса, бұл рұқсат – шопандар мен қызметшілер сияқты, дәрігерлер мен күзетшілерге (әскерлер) және соларға ұқсас Минадан басқа жерде болуларына қатты мұқтаждық туғандарға да қатысты.

Қажылықтың жетінші уәжібі: Тауаф әл-Уәдәф (Қағбамен қоштасу тауафы). Өйткені, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Меккеден шығар сәтте қоштасу тауафын жасаған. Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) жеткен хадисте:

أَمَرَ النَّاسَ أَنْ يَكُونَ آخِرُ عَهْدِهِمْ بِالْبَيْتِ إِلَّا أَنَّهُ خُفِّفَ عَنِ الْحَائِضِ

«Адамдарға Қағбаны (қоштасу) тауаф жасаулары – (қажылық рәсімдерінің) ең соңғы міндеті етіп бұйырылды. Бл бұйрық – тек етеккірі келген әйелге ғана жеңілдетілді», - делінген.

Хадисті имам әл-Бухари (1755) және имам Мұслим (1328) келтірген.

Етеккірі келген әйелдің үкіміне нифас қаны келген (босанғаннан кейінгі қаны келген) әйел де кіріп кетеді.

Сонымен қатар, тауаф әл-Уәдәфтың уәжіптігін Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) келесі хадисі растай түседі. Ол айтады:

كَانَ النَّاسُ يَنْصَرِفُونَ فِي كُلِّ وَجْهٍ، فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَنْفِرَنَّ أَحَدٌ حَتَّى يَكُونَ آخِرُ عَهْدِهِ بِالْبَيْتِ

«Адамдар қажылық біте салысымен жан-жаққа тарайласты. Сонда Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): «Қоштасу тауафын жасай тұрып, ешкім үйіне аттанушы болмасын», - деп бұйырды».

Хадисті имам Мұслим (1327) шығарған.

Және Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын) жоғарыда өткен:

حَجَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَفَضْنَا يَوْمَ النَّحْرِ، فَحَاضَتْ صَفِيَّةُ، فَأَرَادَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْهَا مَا يُرِيدُ الرَّجُلُ مِنْ أَهْلِهِ فَقُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، إِنَّهَا حَائِضٌ. قَالَ: حَابِسَتُنَا هِيَ؟ قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَفَاضَتْ يَوْمَ النَّحْرِ. قَالَ: اخْرُجُوا

Пайғамбармен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірге қажылық жасап, құрбандық шалатын күні тауаф қылдық. Сосын Сафияның (пайғамбарымыздың әйелі) етеккірі (хайызы) келді. Ал, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) болса, онымен қосылуды қалады. Мен оған: «Уа, Аллаһтың елшісі! (Онымен қосыла алмайсыз) өйткені, ол – хайыз мерзімінде», - дедім. Ол: «Бізді (Меккеден шығудан) ұстап қалайын деп тұрма сонда?», - деді. Сахабалар айтты: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ол құрбандық шалатын күні тауаф жасап қойған», - деп. Ол: «Олай болса, жолға шыға беріңдер», - деген хадисі де тауаф әл-Уәдәғтың уәжіп екендігін қуаттай түседі.

Хадисті имам әл-Бухари (1733) және имам Мұслим (1211) риуаят еткен.

Қажылық пен Умраның сүннет амалдары

Қажылық пен умраның сүннеттері дегеніміз – жасалуы міндет етілмеген, бірақ жасайтын болса, құлшылығының сауабы мен Аллаһтың алдындағы сыйы артатын, егер жасамаса, онда одан ешбір өтем талап етілмейтін амалдар. Тек сүннетке мұқтажсыздық танытып, оны менсінбестен тастаса, онда күнәға батады. Хадисте келгендей, Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

فَمَنْ رَغِبَ عَنْ سُنَّتِي فَلَيْسَ مِنِّي

«Менің сүннетімнен (жолымнан) бас тартқандар менен емес»,- деген.

Хадисті имам әл-Бухари (5036) және имам Муслим (1401) Анас Ибн Мәликтің хадисінен риуаят еткен.

Бұл хадисте сүннет дегеннен мақсат – Құран мен Сүннетте келген парыз немесе уәжіп немесе сүннет амалдар. Өйткені, бұлардың барлығы да пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бекітіп кеткен шариғатынан.

Қажылық пен умраның сүннеттері өте көп.
Мәлесен;

- 1) Тауафтың үш айналымын жылдам жүріп өту.
- 2) Тауаф кезінде оң иықты ашу.
- 3) Тауаф кезінде «Қара» тасты сүю немесе ұстау немесе қол сілтеу.
- 4) Қара тасты сүйгенде немесе ұстағанда немесе қол сілтегенде тәкбір айту («Аллаһу Акбар» деу).

5) Йемен бұрышын ұстау.

6) Кез-келген тауафтан кейін, мейлі ол парыз тауаф болсын, уәжіп болсын, нәпіл тауаф болсын, артынша Мақом Ибраһимде екі рәкәт намаз оқу.

7) Зәм-зәм суынан тойып ішу.

8) Сафа мен Маруаға көтерілу (бет алу, жөнелу).

9) Сафа мен Маруада тұрғанда жүзді құбылаға қаратқан күйде Аллаһты зікір етіп, Одан дұға тілеу.

10) Сафа мен Маруаның арасында сағи қылып жүргенде, жасыл түсті белгіні көрген кезде сол жерден тездетіп, жағдай болса жүгіріп өту.

11) Таруия күні (Зуль-Хиджаның 8-ші күні) және Арафа түні (8-нен 9-на қараған түні) Минада қалу.

12) Бірінші және екінші тас атудан кейін екі қолды көтеру.

13) Тас атып жатқан кезде тәкбір айту («Аллаһу Акбар» деу). Және басқа да көптеген сүннет амалдар.

Қажылық пен Умра үшін ихрамға кіру рұқсат етілген мекендік және замандық миқоттар (орындар мен уақыттар)

Мекендік миқоттар деген – қажылыққа немесе умраға бет алған адамның сол жерлерден ихрамға кіруі парыз етілген орындар. Бұл мекендердің баяны Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) келген хадисте айтылған:

إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَّتْ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ، وَلِأَهْلِ الشَّامِ
الْجُحْفَةَ، وَلِأَهْلِ نَجْدِ قَرْنِ الْمَنَازِلِ، وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَلَمَ، هُنَّ لِهِنَّ وَلِمَنْ أَتَى
عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِ هُنَّ مِمَّنْ أَرَادَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ، وَمَنْ كَانَ دُونَ ذَلِكَ فَمِنْ حَيْثُ
أَنْشَأَ حَتَّى أَهْلُ مَكَّةَ مِنْ مَكَّةَ

«Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Медина тұрғындары үшін – Зуль-Хулейфаны, Шам тұрғындары үшін – Жухфаны, Нәжд тұрғындары үшін – Қорн әл-Мәнәзилді және Йемен тұрғындары үшін – Яләмләмды миқот етіп бекітті. Расында, бұл миқоттар – сол миқот тұрғындары үшін және қажылық пен умра жасау мақсатында сол миқоттардан өтетін жатжерліктер үшін. Ал Меккеге сол миқоттардан жақын тұратындар өздері тұрған жерлерінен ихрамға кіреді. Тіпті, Меккеліктер Меккеден».

Хадисті имам әл-Бухари (1524) және имам Муслим (1181) жеткізген.

Хадисте Меккеліктердің Меккеден ихрамға кірулері тек қажылыққа ғана қатысты. Ал, умра жасар кезде Меккеліктердің өзі Харамның (киелі етілген территорияның) сыртына шығып, сол жақтан ихрамға кірулері қажет. Себебі, Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) оған:

فَاخْرُجِي مَعَ أَخِيكَ إِلَى التَّنْعِيمِ، فَأَهْلِي بِعُمْرَةٍ

«Бауырыңмен (туған ініңмен) бірге Танғимге⁹ шығып, сол жерден умраға кір», - деп бұйырған.

Хадисті имам әл-Бухари (1762) және имам Муслим (1211) шығарған.

⁹ Харамның территориясына ең жақын жерге, қазіргі таңда Айшаның мешіті деп танылып кеткен жерге.

Осы екі хадисдің астарында – қажылық пен умраның ихрамына ену мәселесіне қатысты Мекке тұрғындары мен сол кезде Меккеде болғандардың арасын біріктіру бар.

Жоғарыда өткен төрт миқоттың баяны имам әл-Бухари (133) және имам Мүслим (2805) шығарған Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінде де келген. Ал, бесінші миқоттың аты Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде төрт миқотпен бірге айтылған. Айша анамыз айтқан:

وَقَّتْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ ذَا الْحُلَيْفَةِ، وَلِأَهْلِ الشَّامِ
وَمِصْرَ الْجُحْفَةِ، وَلِأَهْلِ الْعِرَاقِ ذَاتَ عِرْقٍ، وَلِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنًا، وَلِأَهْلِ الْيَمَنِ يَلْمَمَ

«Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Медина тұрғындары үшін – Зуль-Хулейфаны, Шам тұрғындары үшін – Жухфаны, Ирақ тұрғындары үшін – Зәту 'Ирқты, Нәжд тұрғындары үшін – Қорн әл-Мәнәзилді және Йемен тұрғындары үшін – Яләмләмды миқот етіп бекітті».

Хадисті имам Нәсәи (2656) жеткізген. Хадистің иснады сахих, әрі хадисті жеткізгендер – сенімді адамдар. Сондай-ақ, хадистің сахих екендігін имам Альбани растаған.

Әрі бесінші миқоттың аты Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын) имам Абу Дауд (1739) риуаят еткен хадисінде жеке түрде келген. Ол хадисте:

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَّتْ لِأَهْلِ الْعِرَاقِ ذَاتَ عِرْقٍ

«Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Ирақ тұрғындары үшін – Зәту 'Ирқты миқот етіп бекітті»,- делінген.

Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Ал имам әл-Бухари (1531) шығарған Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын):

لَمَّا فُتِحَ هَذَانِ الْمَصْرَانِ أَتَوْا عُمَرَ فَقَالُوا: يَا أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ، إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَدَّ لِأَهْلِ نَجْدٍ قَرْنًا وَهُوَ جَوْرٌ عَنْ طَرِيقِنَا، وَإِنَّا إِنِ ارْدْنَا قَرْنًا شَقَّ عَلَيْنَا، قَالَ: فَانْظُرُوا حَذْوَهَا مِنْ طَرِيقِكُمْ. فَحَدَّ لَهُمْ ذَاتَ عِرْقٍ

«Куфа мен Басра қалалары ашылған (жаулап алынған) кезде адамдар Омарға келіп: «Уа, мүміндердің басшысы! Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Нәжд тұрғындары үшін Қорн әл-Мәнәзилді бекіткен еді. Бірақ, ол миқот – біздің жолымыздан алшақта жатыр. Оған бару бізге ауыр соғады», - дейді. Омар оларға: «Олай болса, жолдарыңа сай келетін, соған параллель (теңдес) жатқан жерді қараңдар», - деп, оларға Зәту 'Ирқты миқот етіп бекітеді» деген хадисінің түсінігі: Омарға пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Зәту 'Ирқты Ирақтықтар үшін миқот қылған хадисі жетпеген, сосын өзі ижтиһад жасап (мәселені терең зерттеп), бекіткен. Осылайша, бұл мәселе – Омардың (Аллаһ одан разы болсын) ақиқатқа дәлме-дәл сай түскен ижтиһадтарының қатарына жатқызылған.

Ал, бұл миқоттарға тоқтай алмаған адам – жазықта немесе теңізде немесе ауада болса да, осы миқоттармен теңдес (параллель) жатқан жерлерден ихрамға кіру міндет. Егер миқоттан бұрын ихрамға кіріп қойса, оның ихрамы дұрыс, алайда абзалдықты тастаған болады. **Имам Ибн Мунзир** (рахимаһуллаһ) «Әл-Иджмағта» (54) айтады:

وَأَجْمَعُوا عَلَى أَنْ مِنْ أَحْرَمَ قَبْلَ الْمِيقَاتِ أَنَّهُ مُحَرَّمٌ

«Миқоттан бұрын ихрамға кіріп қойғанның ихрамы дұрыс екендігіне ғалымдар иджмағ қылған (бірауыздан келіскен)».

Ал, кім қажылықты да, умраны да қаламастан осы миқоттардың маңынан немесе оларға теңдес жатқан жерлерден өтсе, онда оған ихрамға кіру шарт емес. Өйткені, төбеде өткен хадисте:

هُنَّ لَهُنَّ وَلَمَنْ أَتَى عَلَيْهِنَّ مِنْ غَيْرِهِنَّ مِمَّنْ أَرَادَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ

«Расында, бұл миқоттар – сол миқот тұрғындары үшін және қажылық пен умра жасау мақсатында сол миқоттардан өтетін жатжерліктер үшін»,- делінген.

Ал, кім өзінің тұрғылықты миқотынан алдымен Мединаға барып, сосын сол жақтан ихрамға кіремін деп өтіп кетсе ештеңе етпейді. Сол сияқты, Жидданың әуежайынан түскен адам Мединаға барып, пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) мешітін зиярат етіп, сосын Зуль-Хулейфадан ихрамға кіруді ниет етсе, онда, оның өзі келген жақтағы миқоттан ихрамсыз өтіп кетуінде тұрған ештеңе жоқ. Өйткені, ол өз миқотынан ихрамға кіруді көздеген жоқ. Тек оның қасынан өткені болмаса. Бәлкім, ол ең бірінші кезекте Мединаға барып, мешітті зиярат қылып, Зуль-Хулейфадан ихрамға енуді қалады.

Ал, кім өзі жақтағы миқоттан ихрамға кіріп, кейін Жидданың әуежайына келген сәтінде: алдымен Мединаға барасыңдар деп бұйырылса, онда, ол адам ихрамда болған күйдінде қала бермек. Себебі, ихрамға кіріп қойған пенде қажылығын немесе умрасын толық аяқтағанша ихрамнан шығуы рұқсат етілмейді. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَأَتِمُّوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ

{Қажылық пен Умраны Аллаһ үшін соңына дейін жеткізіңдер}.

«Бақара» сүресі, 196-шы ая].

Қажылық пен Умраның замандық миқоттары

Замандық миқоттар деген – қажылық немесе умра жасау үшін ихрамға кіру рұқсат етілген мезгілдер, уақыттар, айлар. Бұл рұқсат умраға қатысты бүкіл айларда берілген. (Яғни, кез-келген айда умра жасаса болады). Өйткені, умраны тек кейбір айларда ғана жасау керектігіне ешбір дәлел келмеген. Ал, қажылықта бұл рұқсат тек санаулы айларда ғана берілген. Олар: Шәууәл мен Зұль-Қағда айлары және Зұль-Хиджаның алғашқы он күні. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَّعْلُومَاتٌ فَمَنْ فَرَضَ فِيهِنَّ الْحَجَّ فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ

{Қажылық – белгілі айлар. Кімде-кім ол айларда қажылық жасауға міндеттенсе, онда қажылық кезінде әйеліне жақындасуға, күнә жасауға және айтысып-тартысуға болмайды} деген.

«Бақара» сүресі, 197-ші аят.

Қажылық үшін ихрамға кіру Шәууәл айының алғашқы түнінен бастап, Құрбан айт күнінің таңы атуымен аяқталады. Бұл – егер Шәууәл мен Зұль-Қағда айлары 30 күнге толса, 70 түн, ал, егер біреуі 30 күнге, екіншісі 29 күнге толса, 69 түн немесе екеуі де 29 күнге толса 68 түнге сай келмек.

Қажылықты ниет етудің ең алғашқы түні – Ораза айт түні болса, соңғы түні – Құрбан айт түні болып саналады.

Осы ретте, қажылықтың көпшілік рәсімдері Құрбандық шалу күні басталып, ташрик күндері (үш күн) жалғасуында ешбір келіспеушілік жоқ. Өйткені, мақсат – осы уақыт аралығында қажылықты аяқтау емес, бәлкім, қажылықты ниет етіп, ихрамға кіріп үлгеру. Себебі, бір сәтке де Арафада тұрып үлгермеген адамға Құрбан айттың таңы атып кеткеннен кейін ихрамға кірудің пайдасы жоқ.

Қажылық айларынан басқа айларда қажылықты ниет етіп ихрамға кірген адамның ихрамы дұрыс болады. Алайда, қажылық емес, умраның ихармына ауысады. Сондықтан, умраның рәсімдерін орындайды. Әрі оның бұл умрасы – «Тәмәттуғ» қажылығының алдында жасалу керек болған умраға қатысы жоқ. Өйткені, оның әлгі умрасы қажылық айларынан басқа айда орын алған¹⁰.

Ихрамның махзураттары

Ихрам дегеніміз – қажылыққа немесе умраға кіру ниеті. Ихрам деп аталуы; ихрамға кірмес бұрын адал болған заттардың ихрамға кіргеннен кейін харам етілуі себепті. Бұл – намаздың тәкбиратуль-ихрамы (ең алғашқы тәкбірі) іспеттес. Себебі, алғашқы тәкбір қағылғаннан бастап, бұрын-соңды адал етілген заттар мен істер харам бола түседі. Ал, қажылыққа немесе умраға кірген адамға харам етілетін істер мен заттар – махзуратуль-ихрам (ихрам махзураттары) деп аталады. **Олар тоғыз:**

¹⁰ Яғни, Тәмәттуғ қажылығының алдында жасалатын умра ретінде саналу үшін, міндетті түрде қажылық айларында жасалу керек.

- 1) Шаш қысқарту немесе денедегі түктерді алу.
- 2) Тырнақ жұлу.
- 3) Белгілі бір дененің мүшесіне арнап тігілген киім кию. (Мысалы; ерлерге – тігілген киімнің ешбірін киюге болмайды. Ал, әйелдерге тек ниқаб пен қолғап кию ғана рұқсат емес. Ал, қалған киімнің барлығын кие берсе жарайды. Алайда, беттерін жабуы үшін, бастарынан беттеріне қарай орамал тастаса болады).
- 4) Иіс су қолдану, әтір себу, миск жағу.
- 5) Ер кісілер үшін бас жабу.
- 6) Неке қию немесе үйлену.
- 7) Әйелдерге жақындау. Яғни, сүйю, аймалау сияқты іс-әрекеттер.
- 8) Жыныстық қарым-қатынасқа түсу.
- 9) Аң аулау. (Құрлық аңдарын аулауға болмайды. Ал, теңіз аңдарын ауласа бола береді).

Біріншісі: Шаш алу.

Мейлі, ол бастың шашын алу болсын, не мұрт қысқарту болсын, не жыныс мүше айналасындағы түктерді қыру болсын, не қолтық асты жүндерін жұлу болсын, ешбір айырмасы жоқ. (Барлығы да бір үкімді алады). Бұған Аллаһ Тағаланың келесі сөзі дәлел:

وَلَا تَحْلِفُوا رُءُوسَكُمْ حَتَّىٰ يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ ۚ فَمَن كَانَ مِنكُم مَّرِيضًا أَوْ بِهِ
أَذًى مِّن رَّأْسِهِ ۖ فَفِدْيَةٌ مِّن صِيَامٍ أَوْ صَدَقَةٍ أَوْ نُسُكٍ

{Сойылуға аталған мал сойылатын орынға жеткенге дейін шаштарыңды алмаңдар. Араларыңда біреу (ихрам кезінде) науқас болса немесе басына байланысты бір қиыншылық көріп, (уақытынан бұрын шашын алдырса),

онда соның өтемі ретінде ораза ұстауы не садақа беруі не мал союы тиіс} деген.

«Бақара» сүресі, 196-шы аят.

Бастың шашының үкіміне денедегі бүкіл түктер кіріп кетеді. (Яғни, тіпті, аяқ пен қолдағы түктерді де жұлуға тыйым салынады). Өйткені, оларды жұлу – шалқып өмір сүруден¹¹.

Ескерту: Сақалды қыру немесе оны қысқарту – бұл ихрам халінде де, ихрамнан тыс кезде де харам етілген. Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

خَالِفُوا الْمُشْرِكِينَ، وَقَرُّوا اللَّحَى، وَأَخْفُوا الشَّوَارِبَ

«Мүшріктерге (Аллаһқа серік қосатындарға, көпқұдайшылдарға) қарсы келіңдер! Сақалдарыңды өсіріп, мұрттарыңды алыңдар»,- деген.

Хадисті имам әл-Бухари (5892) және имам Муслим (259) шығарған.

Тағы бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

جُزُّوا الشَّوَارِبَ، وَأَرْخُوا اللَّحَى، خَالِفُوا الْمَجُوسَ

«Мұрттарыңды басып, сақалдарыңды жіберіңдер (тиіспеңдер). Мәжустерге қарсы келіңдер!»,- деп бұйырған.

Хадисті имам Муслим (260) Абу Һурайрадан жеткізген.

¹¹ Яғни, қажылықтың даналығы – кедей мен байды теңестіру. Ал, түткерді жұлу, әсемдеу – бұл даналыққа қайшы іс.

Екіншісі: *Тырнақ жұлу (қысқарту).*

Имам Ибн Мунзир (рахимаһуллаһ) «әл-Иджмағта» (57) айтқан:

وَأَجْمَعُوا عَلَى أَنْ الْمَحْرَمُ مَمْنُوعٌ مِنْ اخْتِذَاظْفَارِهِ

«Ғұламалар ихрамдағы адамға тырнақ алу харам екендігіне иджмағ келтірген».

Аллаһ Тағала Құран-Кәрімде:

ثُمَّ لِيَقْضُوا تَفَثَهُمْ

{Содан кейін олар (ихрамдағылар) денелеріндегі таза еместен арылсын} деген.

«Хаж» сүресі, 29-шы аят.

Осы аяттың тәпсірінде **имам Ибн Кәсир** (рахимаһуллаһ) былай деді:

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ: هُوَ وَضْعُ الْإِحْرَامِ مِنْ حَلْقِ الرَّأْسِ وَلُبْسِ الثِّيَابِ وَقَصِّ الْأَظْفَارِ وَنَحْوِ ذَلِكَ

«Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) айтты: **«{Ихрамдағылар денелеріндегі таза еместен арылсын}** дегені, яғни, шаш қырып, киім киіп, тырнақ алып және басқа да ихрам кезінде харам етілген адал істерді істеп, ихрамын шешсін деген мағынада».

Сонымен бірге, мүміндердің анасы – Умму Сәләмәның (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

إِذَا رَأَيْتُمْ هِلَالَ ذِي الْحِجَّةِ، وَأَرَادَ أَحَدُكُمْ أَنْ يُضَحِّيَ فَلْيُمْسِكْ عَنْ شَعْرِهِ، وَأَظْفَارِهِ

«Сендерден кім құрбандық шалуды қаласа, онда Зүль-Хиджа айы кірісімен шашы мен тырнақтарын алмасын», - деген.

Хадисті имам Муслим (1977) риуаят еткен.

Егер тырнақ алмау құрбандық шалушының өзіне жасалған тыйым болса, онда ихрамдағы адамға тыйым болып саналуы бірінші кезекте болғай.

Үшіншісі: Әтір қолдану.

Ихрамдағы адам денесіне немесе ихрамына әтір жағудан сақтану қажет. Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) ихрамдағы адамға киюге рұқсат етілмейтін киімдер жайындағы хадисінде айтылғандай:

وَلَا تَلْبَسُوا مِنَ الثِّيَابِ شَيْئًا مَسَّهُ الزَّعْفَرَانُ أَوْ وَرْسٌ

«Запырангүлмен және иісі жұпар сары ағаштың иісімен хош иістенген киімдердің ешқайсысын кимеңдер».

Хадисті имам әл-Бухари (1542) және имам Муслим (1177) жеткізген.

Тағы бір хадисте Яғлә Ибн Умейя (Аллаһ одан разы болсын) айтады: **«Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) «әл-Жиғирронә» умрасы кезінде оған үстіне жеңіл сырт киім киіп алған бір ағраби (бәдәуи) келіп:**

يَا رَسُولَ اللَّهِ، كَيْفَ تَرَى فِي رَجُلٍ أَحْرَمَ بِعُمْرَةٍ فِي جُبَّةٍ بَعْدَمَا تَضَمَّحَ بِالطَّيِّبِ ؟
فَقَالَ : أَمَّا الطَّيِّبُ الَّذِي بَكَ فَاغْسِلْهُ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ، وَأَمَّا الْجُبَّةُ فَأَنْزِعْهَا، ثُمَّ اصْنَعْ فِي
عُمَرَتِكَ كَمَا تَصْنَعُ فِي حَجِّكَ

«Уа, Аллаһтың елшісі! Мискке (әтірге) шомылып алып (бұрқыратып, өкіртіп жағып алып), сырт киіммен умраның

ихрамына кіріп кеткен адам жайында не дейсіз?»,- деп сұрайды. Ол оған: «Денеңде мүңкіп тұрған әтірдің иісін үш рет жақсылап жу және (ихрамның) үстінен киіп алған сырт киімді шеш. Сосын, қажылығыңда не жасасаң, умраңда да соны жаса»,,- дейді».

Хадисті имам әл-Бухари (4329) және имам Муслим (1180) шығарған.

Және Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінде Ибн Аббас былай деген:

أَنَّ رَجُلًا كَانَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، فَوَقَصْنَاهُ نَاقْتُهُ وَهُوَ مُحْرِمٌ
فَمَاتَ، فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ، وَكَفِّنُوهُ فِي
ثَوْبَيْهِ وَلَا تَمَسُّوهُ بِطَيِّبٍ، وَلَا تُخَمِّرُوا رَأْسَهُ؛ فَإِنَّهُ يُبْعَثُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مُلَبِّيًّا

«Бір кісі пайғамбарымызбен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірге қажылықта ихрамда тұрған кезінде түйесінен құлап мойны үзіліп, артынша көз жұмады. Сонда (Аллаһ елшісі Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтты: «Оны сирдмен (лотоспен) және сумен жуындырып, өзінің екі киіміне (рида мен изарына¹²) кепендеңдер. Әрі оған ешбір иіссу тигізбеңдер және басын бүркемеңдер (жаппаңдар). Өйткені, ол адам қиметте тәлбия айтушы (ихрамдағы қажы) күйінде тірілетін болады».

Хадисті имам әл-Бухари (1851) және имам Муслим (1206) риуаят еткен.

Осы хадистерде ихрамдағы адамға әтір қолдануына болмайтындығына анық дәлел бар. Өйткені, бұл –

¹² Рида мен изар деп – ихрамға кірген кезде дененің үсті мен астына орайтын (ақ) матаны айтады. Алайда, оның ақ матадан болуы шарт емес.

кеңшіліктен. Дегенменен, ихрамға кіруші адам ихрамына кірмей тұрып, денесіне әтір жақса болады. Бірақ, ихрамға кіретін киіміне (рида мен изарға) жағып қоюдан сақтану қажет. Сонымен қатар, ихрамға кірмес алдын жаққан әтірдің иісі ихрам кезінде шығып тұруы зиян етпейді. Бұған дәлел – Айша анамыздың хадисі. Хадисте Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын):

كُنْتُ أَطِيبُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِإِحْرَامِهِ حِينَ يُحْرِمُ

«Мен Аллаһ елшісіне (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) ихрамға кірер алдында әтір жағып беретін едім»,- деп айтқан.

Хадисті имам әл-Бухари (1539) және имам Мұслим (1189) жеткізген.

Және бір хадисте Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын):

كَأَنِّي أَنْظُرُ إِلَى وَبِصِ الطَّيِّبِ فِي مَفْرَقِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُحْرِمٌ

«Мен пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) ихрамда болған кезінде, оның басынан (шаш екіге бөлінетін ортадан) мисктің жылтырын көретінмін»,- деген сөзі жеткізілген.

Хадисті имам әл-Бухари (271) және имам Мұслим (1190) жеткізген.

Төртіншісі: *Ихрамдағы кісіге басы мен бетін жабу, бүркеу.*

Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) ихрамдағы адамға киюге рұқсат етілмейтін киімдер жайындағы хадисінде айтылғандай:

لَا يَلْبَسُ الْقُمُصَ، وَلَا الْعَمَائِمَ

«Ихрамдағы кісіге қомис¹³ және сәлде (тақия, қалпақ) киюіне болмайды».

Хадисті имам әл-Бухари (1542) және имам Муслим (1177) шығарған.

Және жоғарыда өткен Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын):

أَنَّ رَجُلًا كَانَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، فَقَصَّتْهُ نَاقَتُهُ وَهُوَ مُحَرَّمٌ
فَمَاتَ، فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: اغْسِلُوهُ بِمَاءٍ وَسِدْرٍ، وَكَفِّئُوهُ فِي
تُوبَيْيْهِ، وَلَا تَمَسُّوهُ بِطِيبٍ، وَلَا تُحْمِرُوا رَأْسَهُ؛ فَإِنَّهُ يُبْعَثُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مُلَبِّيًّا

«Бір кісі пайғамбарымызбен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бірге қажылықта ихрамда тұрған кезінде түйесінен құлап мойны үзіліп, артынша көз жұмады. Сонда (Аллаһ елшісі Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтты: «Оны сирдмен (лотоспен) және сумен жуындырып, екі киімге кепендеңдер. Әрі оған ешбір иіссу тигізбеңдер және басын бүркемеңдер (жаппаңдар). Өйткені, ол адам қиметте тәлбия айтушы (ихрамдағы қажы) күйінде тірілетін болады» деген хадисі.

Хадисті имам әл-Бухари (1851) және имам Муслим (1206) риуаят еткен.

Сондай-ақ, қолшатыр (зонтик), көліктің төбесі, шатыр (палатка) және киім сияқты нәрселер арқылы басты күннің ыстығынан қорғаса болады. Бір шарт: соо күннен қорғайтын заттар басқа тікелей тимеу (басқа жабыспау) керек. Яғни, қолмен қолшатырды немесе күннен қорғайтын затты басқа тигізбестен ұстап жүруге болады. Себебі, **пайғамбарымыз**

¹³ Көйлек, үстіге киетін кез-келген тігілген киім.

(Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Жәмрат әл-Ақабаның тасын атқан кезінде оны адамдар күннің ыстығынан киімдерді көлеңкілетумен қорғаған болатын.

Хадисті имам Мұслим (3138) келтірген.

Бесінші: *Ер кісіге жіппен тігілген киімдерді кию.*

Мейлі, ол қомис (ұзын көйлек) сияқты дененің барлық бөлігін жабатын киім болсын немесе сируаль (шорты, бриджи), мәсі, нәски сияқты және т.б дененің кейбір бөлігін жабатын киімдер болсын. Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) ихрамдағы адамға киюге рұқсат етілметін киімдер жайындағы хадисінде келгендей:

أَنَّ رَجُلًا قَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، مَا يَلْبَسُ الْمُحْرِمُ مِنَ الثِّيَابِ؟ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا يَلْبَسُ الْقُمُصَ، وَلَا الْعَمَائِمَ، وَلَا السَّرَاوِيْلَاتِ، وَلَا الْبِرَانِسَ، وَلَا الْخِفَافَ إِلَّا أَحَدٌ لَا يَجِدُ نَعْلَيْنِ فَلْيَلْبَسْ خُفَّيْنِ، وَلْيَقِطْهُمَا أَسْفَلَ مِنَ الْكَعْبَيْنِ، وَلَا تَلْبَسُوا مِنَ الثِّيَابِ شَيْئًا مَسَّهُ الرَّعْرَعَانُ أَوْ وَرْسٌ

«Бір кісі келіп: «Я, Аллаһтың елшісі! Ихрамдағы кісі қандай киімдерді кесе болады?», - дейді. Ол: «Ихрамдағы кісіге қомис (көйлек, үстіге киетін кез-келген тігілген киім), сәлде (тақия, қалпақ), дамбалдың (шалбар, шорты, бриджилердің) түр-түрін, күләпаралы шапан (капюшоны бар киімдер) және мәсі киюіне болмайды. Тек киюге сандал (сандалии, аяқ киім) таппаған адам мәсіні тобықтан төмен кесіп кесе болады. Сонымен қатар, Запырангүлмен және иісі жұпар сары ағаштың иісімен хош иістенген киімдердің ешқайсысын кимеңдер», - деп жауап берді.

Хадисті имам әл-Бухари (1542) және имам Мұслим (1177) жеткізген.

Осы хадистен түсінетініз; тобықтан жоғары мәсі мен аяқ киімдерді киюге болмайды. Бірақ, бұл бұйрық – пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Медина қаласында болған кезде, ертеректе айтылған бұйрық еді. Сосын Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Арафада хұтба қылып тұрған кезде мәсіні тобықтан төмен қимастан-ақ кие беруге бұйрық (рұқсат) берген. Бұл жөнінде Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын):

سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ بَعْرَفَاتٍ: مَنْ لَمْ يَجِدِ النَّعْلَيْنِ فَلْيُلْبِسِ الْخُفَّيْنِ، وَمَنْ لَمْ يَجِدْ إِزَارًا فَلْيُلْبِسْ سَرَائِيلَ الْمُحْرِمِ

«Мен пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Арафада тұрып: «Киюге сандал (аяқ киім) таба алмаған адам мәсі кісін және киюге изар (ихрамға кіргенде киетін матаның белден төмен оралатын бөлігін) таба алмаған адам дамбал кісін», - деп айтқанын естідім», - деген.

Хадисті имам әл-Бухари (1871) және имам Мұслим (1178) риуаят еткен.

Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бұл хадисін қажылыққа жан-жақтан келген адамдардың барлығы да естіген. Осыдан келе, бұл хадис Ибн Омардың жоғарыда келген хадисінің үкімін (яғни, мәсіні тобықтан төмен кесіп киюдің үкімін) жойған болып есептеледі.

Сондай-ақ, ихрамдағы адамға ихрамы (оранатын матасы) түсіп кетпеу үшін, оның бас жағын түйіндеп байлап қойса немесе белдікпен тартып қойса болады. Және ақшасын сақтайтын (белбеулер, белдіктер және әмияндар)

тақса болады, ол заттар жіппен тігілген болса да. Тіпті, егер бір адам миқоттан өтіп бара жатып қажылықты немесе умраны ниет қылып, бірақ, киюге изар мен рида (ихрамның асты мен үстін) таппаса, онда изар мен рида тапқанға дейін дамбал мен сырт киімге оранса болады. Шарт: әлгі адамның сол дамбалы оралған кезде оның кіндігі мен тізесінің арасын жабатындай болу қажет.

Сонымен бірге, ихрамдағы адамға сақина және сағат тағуға болады. Тіпті, егер қажеттік туындаса, тізесін немесе санын (немесе қолын) матамен (битпен) таңып, тартып қою рұқсат¹⁴.

Ал, әйелдерге келсек, олар өздері әдеттегі киіп жүрген шарифатқа сай киімдердің барлығын кесе болады. Тек қолғап және бетті бүкейтін, бетті жабу үшін арнайы тігілген ниқап пен паранжа (шымылдық) тағуына болмайды. Оған дәлел, пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

وَلَا تَنْتَقِبِ الْمَرْأَةُ الْمُحْرِمَةُ، وَلَا تَلْبِسِ الْقَفَازِينَ

«Ихрамдағы әйел ниқаппен бет бүркемесін және қолғап кимесін»,- деген сөзі.

Хадисті имам әл-Бухари (1838) келтірген. Ибн Омардан.

Ал, егер де әйел бөтен еркектердің арасында болып қалса, онда қолын киімімен және бетін химарымен жабу қажет. Айша анамыздың (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде айтылғандай:

¹⁴ **Ескерту:** Ихрамдағы ер кісіге іш киім киюге тыйым салынады. Өйткені, ол – дененің бір бөлігіне арнап жіппен тігілген киім.

كَانَ الرُّكْبَانُ يَمُرُّونَ بِنَا وَنَحْنُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُحْرِمَاتٌ فَإِذَا حَازُوا بِنَا سَدَلَتْ إِحْدَانَا جِلْبَابَهَا مِنْ رَأْسِهَا عَلَى وَجْهِهَا، فَإِذَا جَاوَزُونَا كَشَفْنَاهَا

«(Қажылықта немесе умрада кезде) біздің қасымыздан ер кісілер өтетін еді. Біз сол кезде Аллаһ елшісімен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) ихрамда (беттеріміз ашық болған күйде) болатынбыз. Қашан олар бізге жақындап қалса, біз басымыздан бетімізге қарай жилбабымызды түсіретін едік. Сосын, олар біздің қасымыздан өтіп кеткеннен кейін, бетімізді қайта ашатын едік».

Хадисті имам Абу Дауд (1833) риуаят еткен. Хадистің иснады әлсіз. Оның әлсіздігін имам Альбани растаған. Дегенмен де, бұл хадисті күшейтетін басқа бір хадис бар. Ол хадисте Фатима Бинт әл-Мунзир былай деген:

كُنَّا نُخَمِّرُ وَجُوهَنَا، وَنَحْنُ مُحْرِمَاتٌ، وَنَحْنُ مَعَ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ

«Біз ихрамда болған шағымызда бетімізді химармен (бастан тасталған орамалмен немесе матамен) бүркейтінбіз. Сол уақытта біздің қасымызда Абу Бакрдың қызы – Асма бар еді».

Хадисті имам Мәлик (919) келтірген.

Осы махзуроттардың бірін ұмытып немесе білмей істеп қойған адамға ешнәрсе жүктелмейді. Бірақ та, осы махзуроттарды істеуге болмайтынын білген бетте немесе есіне түскен бойда тоқтату керек. Мәселен, тырнағын алып жатқан болса немесе шашы мен денесіндегі түктерді жұлып немесе қысқартып жатқан болса немесе басын жауып алған болса немесе киім киіп алған болса немесе әтір жағып алған болса, онда міндетті түрде білген немесе есіне түскен бойда

олардан арылу қажет. Ал, кім осы махзуроттарды ешбір қажетсіз, әдейі әрі біліп тұрып істесе, онда ол күнәға батады әрі оған фидья (қой шалу) міндет болады. Ал, кім осы махзуроттардың біріне мұқтаждықпен барып қойған болса, онда ол ешбір күнә алмайды, дегенмен де, оған фидья (қой шалу) міндеті жүктеледі. Тек, әтір қолдануға ешбір қажеттік туа қоймас! Осы махзуроттарды істеген адамға жүктелетін фидья – бір қой шалу немесе 6 міскін тойдыру немесе 3 күн ораза ұстау. Әрбір міскінге жарты соғ тамақ (шамамен бір жарым келі (кг) арпа, бидай, күріш, ұн, құрма, ірімшік сияқты желінетін тамақтың кез-келген түрі) берілу керек. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَلَا تَحْلِفُوا رُءُوسَكُمْ حَتَّىٰ يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ ۚ فَمَن كَانَ مِنكُم مَّرِيضًا أَوْ بِهِ
أَذًى مِّن رَّأْسِهِ ۖ فَفِدْيَةٌ مِّن صِيَامٍ أَوْ صَدَقَةٍ أَوْ نُسُكٍ

{Сойылуға аталған мал сойылатын орынға жеткенге дейін шаштарыңды алмаңдар. Араларыңда біреу (ихрам кезінде) науқас болса немесе басына байланысты бір қиыншылық көріп, (уақытынан бұрын шашын алдырса), онда соның өтемі ретінде ораза ұстауы не садақа беруі не мал союы тиіс} деген.

«Бақара» сүресі, 196-шы аят.

Құранда фидьяға қатысты келген жалпы суреттегі мәліметті сүннет (хадис) баяндап кеткен. Кағб Ибн 'Уджра (Аллаһ одан разы болсын) айтады:

حُمِلْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْقَمْلُ يَتَنَازَرُ عَلَيَّ وَجْهِي، فَقَالَ: مَا
كُنْتُ أَرَى أَنَّ الْجَهْدَ قَدْ بَلَغَ بِكَ هَذَا، أَمَا تَجِدُ شَاةً؟ قُلْتُ: لَا. قَالَ: صُمْ ثَلَاثَةَ
أَيَّامٍ، أَوْ أَطْعِمْ سِتَّةَ مَسَاكِينَ؛ لِكُلِّ مَسْكِينٍ نِصْفُ صَاعٍ مِّنْ طَعَامٍ، وَاخْلُقْ رَأْسَكَ

«Мен (ихрамда кезімде) пайғамбарымызға (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) алып келіндім. Сол кезде басымдағы биттердің көптігі соншалықты, бетіме түсіп жатты. Сонда ол маған: «Мен сені осыншама деңгейде қиналады деп ойламадым. Олай болса, шашыңды алып таста. (Шаш алудың фидьясы ретінде) қой шалуға шамаң (қаражатың) жете ме?»,- деп сұрады. Мен оған: «Жоқ»,- деп жауап қаттым. Ол маған: «Ендеше, үш күн ораза ұста немесе алты міскінді тамақтандыр. Әр міскінге тамақтың түрінен жарты соғ (шамамен 1,5 келі) тамақ бер»,- деді».

Хадисті имам әл-Бухари (4517) және имам Муслим (1201) шығарған.

Бұл хадис шаш алуға қатысты келгенімен, жоғарыда өткен махзуроттардың барлығы да осы үкімге кіріп кетеді. Өйткені, олардың барлығын – тыйым салынған нәрсені істеу үкімі біріктіреді.

Алтыншысы: Құрлық аңын аулау немесе өлтіру.

Бұл жайында Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَقْتُلُوا الصَّيْدَ وَأَنْتُمْ حُرْمٌ

{Ей, иман келтіргендер! Ихрамда болған кездеріңде аң-құс өлтірмеңдер} деген.

«Мәида» сүресі, 95-ші аят.

Басқа бір аятта:

وَحُرْمٌ عَلَيْكُمْ صَيْدُ الْبَرِّ مَا دُمْتُمْ حُرْمًا

{Ихрамнан босағанға дейін, құрлықта аңшылық жасау сендерге харам етілді} деген.

«Мәида» сүресі, 96-шы аят.

Басқа бір аятта:

وَإِذَا حَلَلْتُمْ فَاصْطَادُوا

{Ихрамнан шыққан кездеріңде құрлықтағы аң-құстарды ауласаңдар болады} деген.

«Мәида» сүресі, 2-ші аят.

Бұл аяттар қажылық немесе умра жасау үшін ихрамға кірген адамға ихрамға кірген сәтінен бастап, ихрам халінен шыққанға дейін құрлықтағы аң-құстарды аулаудан тыйылу керектігіне нұсқайды. Тіпті, өзі ауламаса да, аулап жатқандарға көмектесуі немесе ихрамда емес адамды сол аң-құстарға сілтеуінің өзі де рұқсат емес. Бұған дәлел – Абу Қатаданың (Аллаһ одан разы болсын) хадисі. Ол хадисте сахабалар Аллаһ елшісіне (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) келіп:

يَا رَسُولَ اللَّهِ، إِنَّا كُنَّا أَحْرَمًا وَقَدْ كَانَ أَبُو قَتَادَةَ لَمْ يُحْرِمْ، فَرَأَيْنَا حُمْرَ وَحْشٍ فَحَمَلْنَا عَلَيْهَا أَبُو قَتَادَةَ، فَعَقَرَ مِنْهَا أَتَانًا، فَتَرَلْنَا فَأَكَلْنَا مِنْ لَحْمِهَا، ثُمَّ قُلْنَا أَنَا كُلُّ لَحْمٍ صَيْدٍ وَنَحْنُ مُحْرِمُونَ؟ فَحَمَلْنَا مَا بَقِيَ مِنْ لَحْمِهَا. قَالَ: مِنْكُمْ أَحَدٌ أَمَرَهُ أَنْ يَحْمِلَ عَلَيْهَا أَوْ أَشَارَ إِلَيْهَا؟ قَالُوا: لَا. قَالَ: فَكُلُوا مَا بَقِيَ مِنْ لَحْمِهَا

Я, Аллаһтың елшісі! Абу Қатададан басқамыздың барлығы ихрамға кірген еді. Сосын, ихрамда кезімізде жабайы есектерге (зебраларға) көзіміз түсті. Абу Қатада солардың ішіндегі бір ұрғашы зебраны аулап, оны бауыздады. Сосын, біз сол еттен жеуге кірістік. Сол кезде біз: «Біз ихрамда бола тұра ауланған аңның етін жеуімізге болады ма?», - дестік. Сөйтіп, осыны анықтау мақсатында біз содан қалған етті сізге алып келіп тұрмыз. Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бізге: «Сендердің (ихрамдағылардың) араларыңда біреу Абу

Қатадаға көместесті ме немесе біреулерің оны сол зебраға бағыттап-нұсқады ма?»,- деді. Біз: «Жоқ»,- дедік. Ол: «Олай болса, оның қалған етін жей беріңдер»,- деп айтты.

Хадисті имам әл-Бухари (1824) және имам Муслим (1196) риуаят еткен.

Аллаһ Тағала Өзінің қасиетті Кітабында құрлықтың аң-құстарын әдейі өлтірген адамның жазасын баяндаған. Келесі аятта айтқандай:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَقْتُلُوا الصَّيِّدَ وَأَنْتُمْ حُرْمٌ وَمَنْ قَتَلَهُ مِنْكُمْ مُتَعَمِّدًا فَجَزَاءٌ مِّثْلُ مَا قَتَلَ مِنَ النَّعَمِ يَحْكُمُ بِهِ ذَوَا عَدْلٍ مِّنْكُمْ هَدْيًا بَالِغَ الْكَعْبَةِ أَوْ كَفَّارَةٌ طَعَامُ مَسْكِينٍ أَوْ عَدْلٌ ذَلِكُمْ صِيَامًا لِّيَذُوقَ وَبَالَ أَمْرِهٖ ۚ

{Ей, иман келтіргендер! Ихрамда болған кездеріңде аң-құс өлтірмеңдер. Сендерден кім оны әдейілеп өлтірсе, оның жазасы (күнәсінің өтмеі, құны) – өлтіргеніндей бір мал шалу. Ол туралы сендерден екі әділ кісі Қағбаға жеткізілген құрбандық ретінде үкім берді. Немесе ісінің жазасын тартуы үшін оның кәффараты (күнәсінің өтемі, құны) – кедейлерді тамақтандыру не оның орнына ораза ұстау} деген.

«Мәида» сүресі, 95-ші аят.

Кімде кім, ихрам кезінде бір аң ұстаса, онда ол адамға дәл сол секілді аңды құрбандыққа шалып, одан дәм татпастан Меккедегі әл-Харамның кедейлеріне тарату немесе сол аңның бағасын есептеп, сол ақшаға әл-Харамның міскіндеріне тамақ ретінде таратып берудің немесе сол міскіндердің санына сай ораза ұстаудың арасында таңдау

беріледі. Әрбір міскінге жарты соғ (шамамен 1,5 келі)¹⁵. Ал, егер дәл сол сияқты аңды (малды) таба алмаса, онда міскіндерді тамақтандыру мен ораза тұтудың арасында таңдатылады.

Ескерту: Бұл аятта айтылға жаза – құрлықтағы аң-құстарды әдейілеп, өлтіруге болмайтынын біліп тұрып өлтірген адамға ғана қатысты. Ал, оны өлтіруге болмайтынын білместен немесе білсе де ұмытып кетіп өлтіріп алған адамға бұл жаза жүктелмейді. Сөзсіз, аяттан шығатын тікелей түсінік – осы. Бұл түсініктің дұрыс екендігін имам Ибн Баз «Маджмуғ әл-Фатауада» (17/203), имам Мухаммад Әмин әш-Шынқити «Адуа'уль-Баянда» 2/169 және имам Абдур-Рахман әс-Сағди (Аллаһтың оларға рақымы болсын) осы аяттың тәпсірінде дәлелдеп шыққан.

Ал, Харамның шекарасының (территориясының) ішіндегі аң-құстарды ихрамдағы адамға да, ихрамнан шыққан адамға да аулауға, өлтіруге харам етілген (тыйым салынған). Тіпті, Харамның территориясындағы аң-құстарды қашыруға да (үркітіп алуға да) тыйым салынады. Сонымен бірге, адамдар екпеген, өзімен-өзі Аллаһтың қалауымен шығып жатқан ағаштар мен өсімдіктерді де жұлу, қырқу харам етілген. Бұл жөнінде Абдуллаһ Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) хадисінде келесідей айтылған:

إِنَّ اللَّهَ حَرَّمَ مَكَّةَ، فَلَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ قَبْلِي، وَلَا تَحِلُّ لِأَحَدٍ بَعْدِي، وَإِنَّمَا أُجِلَّتْ
لِي سَاعَةٌ مِنْ نَهَارٍ لَا يُخْتَلَخَلُهَا، وَلَا يُعْضَدُ شَجَرُهَا، وَلَا يُنْقَرُ صَيْدُهَا، وَلَا تُلْتَقَطُ
لُقَطَتُهَا إِلَّا لِمُعَرَّفٍ

¹⁵ Яғни, сол малдың құны тамақ ретінде жарты соғ мөлшерінде берілгенде қанша міскінге жетсе, сонша міскіннің санына сай күндерде ораза тұту керек.

«Анығында, Аллаһ Меккені «Харам» еткен. Меккеде соғысу маған дейін ешкімге адал (рұқсат) етілмеген және менен кейін де ешкімге адал етілмейді. Маған да тек бір күннің бір сағатында (сәтінде) ғана адал етілген болатын. Сондықтан, Меккенің шөбі жұлынбайды, ағашы қырқылмайды, аң-құстары қуылмайды және лұқатасы алынбайды¹⁶. Тек, сол лұқатаның иесін бір жыл бойы іздеп, таппаған адамға ғана оны иемденсе болады».

Хадисті имам әл-Бухари (104) және имам Мұслим (1354) жеткізген.

Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Меккені «Харам» еткендей, Мединады да «Харам» еткен. Жәбірдің (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

، إِنَّ إِبْرَاهِيمَ حَرَّمَ مَكَّةَ، وَإِنِّي حَرَّمْتُ الْمَدِينَةَ مَا بَيْنَ لَابَتَيْهَا لَا يَقْطَعُ عِضَاهُهَا
وَلَا يُصَادُ صَيْدُهَا

«Ибраһим (Аллаһтың оған сәлемі болсын) Меккені харам еткен. Сол сияқты мен де Мединаның екі жанартауының арасындағы жерді харам еттім. Сондықтан, сол екі аралықтың ағашы кесілмейді және аңы ауланбайды».

Хадисті имам Мұслим (1362) Жәбірдің хадисінен жеткізген.

Жетіншісі: Неке құру немесе қию.

¹⁶ Лұқата деп – жерге түсіп қалған ақша, қажетті заттарды және жоғалып кеткен, иесі белгісіз малдарды айтады.

Бұл тыйым үйленетін жігітпен қызға да, оларды үйлендіріп, некелерін қиып жатқан адамдарға да қатысты. Сол сияқты, ихрам кезінде үйлену үшін құдаласуға да, әкесі не қамқоршылары арқылы қызға сөз салуға да болмайды. Османның (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

لَا يَنْكِحُ الْمُحْرِمُ، وَلَا يُنْكَحُ، وَلَا يَخْطُبُ

«Ихрамдағы адам некелеспейді де, біреуді некелестіре де алмайды және сөз салмайды»,- деген.

Хадисті имам Муслим (1409) шығарған.

Ал, егер ихрам кезінде некелесіп қойған болса, онда оның некесі дұрыс емес болып, күмәнді әрі шүбәлі некеге айналады. Сондықтан, некесі жалғасымды болуын қалаған адам, ихрамнан шыққан соң некесін жаңалатуы қажет.

Сегізіншісі мен тоғызыншысы: *Жыныстық қарым-қатынасқа түсу немесе әйелмен жақындасу.*

(Яғни, жыныстық қарым-қатынасқа түсуге дейінгі іс-әрекеттер жасау немесе сол жайында сөйлесу).

Бұл жайында Аллаһ Тағала қасиетті Құранда:

الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَّعْلُومَاتٌ فَمَنْ فَرَضَ فِيهِنَّ الْحَجَّ فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ

{Қажылық – белгілі айлар. Кімде-кім, ол айларда қажылық жасауға міндеттенсе, онда қажылық кезінде әйеліне жақындасуға, күнә жасауға және айтысып-тартысуға болмайды} деген.

«Бақара» сүресі, 197-ші аят.

Әйелге жақындасудың ішіне әйелмен жыныстық қарым-қатынасқа түсу және әйелмен жыныстық қарым-қатынасқа түсуге дейінгі іс-әрекеттер жасау кіріп кетеді. Сонымен қатар, жаман әрі арсыз да ұятсыз сөздердің барлығы да осыған кірмек.

Пасықтық дегенге барлық күнәлар жатқызылады.

Талас-тартысқа алауыздық пен дұшпандық тудыратын жалған заттың үстінде дауласу жатады. Ал, ақиқатты баяндау үшін жүргізілген көркем түрдегі сөзталас бұл баптан емес. Бәлкім, көркем түрде пікірталас жүргізу бұл – шариғат талап ететін істерден. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَجَادِلْهُمْ بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ

{Олармен ең көркем түрде тартыс}.

«Ән-Нахл» сүресі, 125-ші аят.

Және бір аятта:

وَلَا تُجَادِلُوا أَهْلَ الْكِتَابِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ إِلَّا الَّذِينَ ظَلَمُوا مِنْهُمْ

{Кітап берілгендердің (яһудилер мен насаралардың) залымдарынан басқаларымен өте көркем көріністе тартысқың} деген.

«Анкабут» сүресі, 46-шы аят.

Ихрам кезде қосылып қойған ердің немесе әйелдің өтемі ретінде Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) жеткен ешбір сахих хадис жоқ. Алайда, бұл бапта сахабалардан келген сахих асарлар (хабарлар) бар. Солардың бірі, 'Амр Ибн Шуғайбтың әкесі – Шуғайб Ибн Мухаммадтан жеткен асар. Шуғайб Ибн Мухаммад (рахимаһуллаһ) айтады:

أَنَّ رَجُلًا أَتَى عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو يَسْأَلُهُ عَنْ مُحْرِمٍ وَقَعَ بِأَمْرَأَةٍ، فَأَشَارَ إِلَى
عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ فَقَالَ: اذْهَبْ إِلَى ذَاكَ، فَسَلْهُ. قَالَ شُعَيْبٌ: فَلَمْ يَعْرِفْهُ الرَّجُلُ، فَذَهَبَتْ
مَعَهُ فَسَأَلَ ابْنَ عُمَرَ فَقَالَ: بَطُلَ حُجُّكَ. فَقَالَ الرَّجُلُ فَمَا أَصْنَعُ؟ قَالَ: أَحْرِمْ مَعَ النَّاسِ
وَاصْنَعْ مَا يَصْنَعُونَ، وَإِذَا أَدْرَكْتَ قَابِلًا، فَحُجَّ وَأَهْدِ فَرَجَعَ إِلَى عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو وَأَنَا
مَعَهُ، فَقَالَ: اذْهَبْ إِلَى ابْنِ عَبَّاسٍ فَسَلْهُ، قَالَ شُعَيْبٌ: فَذَهَبَتْ مَعَهُ إِلَى ابْنِ عَبَّاسٍ
فَسَأَلَهُ، فَقَالَ لَهُ كَمَا قَالَ ابْنُ عُمَرَ فَرَجَعَ إِلَى عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو وَأَنَا مَعَهُ، فَأَخْبَرَهُ بِمَا قَالَ
ابْنُ عَبَّاسٍ ثُمَّ قَالَ: مَا تَقُولُ أَنْتَ؟ فَقَالَ قَوْلِي مِثْلُ مَا قَالَا

«Бір кісі Абдуллаһ Ибн 'Амрге (Аллаһ әкесі екеуінен
разы болсын) келіп, ихрам кезінде әйелімен қосылып
қойған адамның үкімі жайында сұрады. Ол әлгі сұраушыға:
«анау кісіге барып, содан сұра», - деп оны Абдуллаһ Ибн
Омарға (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) қарай
бағыттады. Әлгі кісі оны танымады. Мен онымен бірге Ибн
Омарға бардым, сонда ол одан өз сұрағын сұрады. Ибн
Омар оған: «Қажылығың батыл болды (жойылды)», - деді.
Ол одан: «Енді не істесем болады?», - деп сұрады. Ол:
«Ихрамға қайта кіріп, адамдар қажылықта не істесе, соны
істе. Сосын алдағы жылы қажылық маусымына жетіп
жатсаң, қайтадан қажылықты өтеп, һәди (мал) шал», - деп
жауап берді. Сосын біз екеуіміз Абдуллаһ Ибн 'Амрге қайта
бардық. Ол оған: «Абдуллаһ Ибн Аббасқа (Аллаһ әкесі
екеуінен разы болсын) барып, содан сұрап көр», - деді.
Содан біз екеуіміз Ибн Аббасқа қарай бет алдық. Ол Ибн
Аббасқа өз сұрағын қойып еді, ол да Ибн Омардың
жауабындай жауап қайтарды. Сосын біз екеуіміз Абдуллаһ
Ибн 'Амрге қайта бардық. Әлгі кісі оған Ибн Аббастың
айтқан жауабын айтып беріп: «ал сіз не дейсіз?», - деді? Ол:
«Мен дәл ол екеуі айтқан сөзді айтамын (оларға
қосыламын)», - деп айтты.

Асарды имам әл-Хаким (2375) риуаят еткен. Асарды имам әл-Хаким «сахих» деген әрі онымен имам әз-Зәһәби келіскен. Сондай-ақ, асарды имам әл-Байһақи жеткізіп, оны сахих асар екендігін айтқан. Әрі асардың сахих екендігін имам Альбани растаған.

Һәди деп – негізінде өтемді (төлемді) айтады. Ол өтем сойылып, әл-Харамның (Меккенің) кедей-мұқтаждарына таратылып берілу қажет. Ал, егер жыныстық қарым-қатынасқа түсу бірішні ихрамнан шыққаннан кейін орын алса, онда ол адамның қажылығы дұрыс екендігінде ғалымдар бірауыздан келіскен. Бірінші ихрамнан шығу тауаф әл-Ифаданы жасап біткен соң болады. Оның өтемі (һәдиі) – бір қой.

Ал, умраға келсек; ихрамдағы умрашы егер тауаф пен сағи жасамай тұрып, қосылып қойған болса, онда оның умрасы бұзылған (жойылған) екенінде бірауыздан келісім бар. Соған қарамастан, ол адам бұзылған умрасын соңына дейін жеткізуі міндет. Әрі сол умрасының орнына жаңадан бір умра жасап, бір қой шалуы тиіс болады. Ол қойдың еті әл-Харамның міскіндеріне таратылады. Ал, егер жыныстық қарым-қатынасқа тауаф пен сағиды жасап болып, бірақ та, шашын алмай немесе қысқартпай тұрып (ихрамнан шықпай) қосылып қойса, онда оның умрасы дұрыс болмақ. Алайда, ол өтем ретінде бір қой союға міндеттеледі.

Қажылықтағы адам жыныстық қарым-қатынасқа түсуге дейінгі іс-әрекеттерді жасап, ғұсыл құйынатындай жағдайға ұрынып қалса, онда оның қажылығы дұрыс болып саналады. Егер осы істерді бірінші ихрамнан шығу алдын жасаса, бір

түйе шалу қажет. Ал, егер бірінші ихрамнан шығып болып қосылып қойса, онда бір қой шалуы керек.

Жыныстық қарым-қатынасқа түскен ихрамдағы әйел дәлме-дәл осы үкімді алады. Тек, егер жыныстық қарым-қатынасқа түсуге мәжбүрленген болса, онда әйелге түйе немесе қой шалу міндеттелмейді.

Умра мен қажылықтың жалпы көрінісі

Умраның жалпылай көрінісі: Ихрамға кіруші адам миқоттан ихрамға кіруі, Қағбаны жеті рет тауаф қылуы, сағи жасап, шаш алуы немесе қысқартуы тиіс. Меккеліктер ихрамға әл-Харам территориясының сыртынан кіреді.

Қажылықтың жалпылай көрінісі: Меккенің сыртынан келетіндер миқоттардан ихрамға кірсе, Мекке тұрғындары тұрған жерлерінен ихрамға кіреді. Сосын Қорин мен Муфрид¹⁷ тауаф әл-Қудум жасап, сағи қылулары (Сафа мен Маруаның арасында жүріп өтулері) қажет. Оларға сағиды тауаф әл-ифададан кейін жасауға қалдыру рұқсат. Содан соң, қажылар Зуль-Хиджаның сегізінде және тоғызының түнінде «Минада» болулары керек. Содан кейін, қажылардың барлығы Зуль-Хиджаның тоғызында «Арафада» тұруға әрі Зуль-Хиджаның оныншы түнінде «Муздалифада» түнеуге бет алулары тиіс. Сосын, құрбан айт күні тас атып, егер өзімен бірге һәдиі болса, һәдиін шалу қажет. Сөйтіп, Мутаматтиғ¹⁸ шашын алып, тауаф әл-Ифада жасап, сағи қылады. Тауаф әл-Қудумнан кейін сағи жасамаған Қорин мен Муфрид те дәл

¹⁷ Қорин деп – қажылық пен умраны біріктіріп жасайтын адамды айтады. Ал, Муфрид деп – тек қажылық қана жасайтын адамды айтады.

¹⁸ Мутаматтиғ деп – қажылық маусымында умраны өз алдына бөлек, қажылықты өз алдына бөлек жасайтын адамды айтады.

осылай жасайды. Ал, тауай әл-Құдумнан кейін сағи жасаған қажы тауаф әл-Ифададан соң сағи жасамайды. Сосын, ташриқ күндері (айт күндері) «Минада» түнейді. Әрі ташриқ күндері үш күн бойы түстен кейін тас лақтырады. Содан соң, Меккеден кетер шағында Қағабны жеті рет айналып, қажылықтың соңғы амалы – тауаф әл-Уәдәғ рәсімін жасап шығады. Сонымен, қажылық рәсімі толыққанды аяқталған болады.

Нығметтері арқылы жақсылықтар тәмәмдалатын Аллаһқа мақтау-мадақтардың барлық түрі тиесілі.

Аллаһ Тағала жақсырақ білуші. Аллаһтың мақтауы мен сәлемі Өзінің сүйікті елшісіне, елшісінің әулеті мен сахабаларына және қияметке дейін келетін сүннет иелеріне болғай.

Жазылған күні: 27/07/2019 жыл, 24/10/1440 Һ.ж.

Жалғасы бар....